

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет, Құрылыс және Энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Құлтөре Дәурен Даниярұлы

«Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй»

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К Бәсенов атындағы Сәулет, Құрылыс және Энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. магистр. лектор

_____ Н.Қ. Қызылбаев
«_____» _____ 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы «Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған

Құлтөре Д. Д.

Рецензент

техн. ғыл. канд.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд, қауым. проф.

_____ С.Ш. Джарылкасынов

_____ Ж.Т. Наширалиев

«_____» _____ 2019 ж.

«_____» _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Т.К. Бәсенов атындағы Сәулет, Құрылыс және Энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. магистр. лектор

_____ Н.Қ. Қызылбаев

« _____ » _____ 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Құлтөре Дәурен Даниярұлы

Тақырыбы Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй

Университет ректорының « 30 » қазан 2018 ж. № 1210-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 16 » мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Талдықорған қаласы, ғимараттың, ұстындары, аражабын плиталары, қаттылық диафрагмалары, арқалықтары – тұтас құймалы темірбетоннан жасалынған, конструктивтік сұлбасы – рамалы байланысты, биіктігі тұрақты қаттылықты қамтамсыз етеді.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамасы, бас жоспар шешімдері, көлемді-жоспарлық және құрылымдық шешімдері, қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі, санитарлық-техникалық және инженерлік жабдықтау; 2. Есептік-конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схемарды құру ЛИРА-да раманы есептеу, оның нәтижесі арқылы конструкциялар есебі және оларды тұрғызу 3. Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі : құрылыстық бас жоспарды жобалау, ғимараттың жер асты бөлігін тұрғызу, қабылданатын жұмысқа және сапаға қойлатын талаптар, күнтізбелік жоспарлау; 4. Құрылыс экономикалық бөлім: түсініктемелік жазба, жергілікті және объектілік сметаларды жасау; 5. Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау.

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілген):

1. Бас жоспар, тұрғын үйдің қасбеттері, қималар, түйіндері, жоспарлар, бөлме спецификациясы - 4 парақ;

2. Аражабын плитасы, ұстын , спецификациялар - 2 парақ;

3. Құрылыстық бас жоспар, жер жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары - 2 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет тізімі: 1. ҚР ҚНЖЕ РК 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы, Талдықорған, 2017; 2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2002 Құрылыс жылу техникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2002

Алматы 2019

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	18.02-01.03.2019 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	18.03-29.03.2019 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы	03.04-15.04.2019 ж	
Экономикалық бөлім	15.04-19.04.2019 ж	
Антиплагиат, нормоконтроль, алдын – ала қорғау	19.04-29.04.2019 ж	
Қорғау	29.04-25.05.2019 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары.

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	Ж.Т. Наширалиев, техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Есептік-конструктивтік бөлім	Ж.Т. Наширалиев, техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім	Ж.Т. Наширалиев, техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Құрылыс экономикасы бөлім	Ж.Т. Наширалиев, техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Тіршілік әрекет қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Ж.Т. Наширалиев, техн. ғыл. канд, қауым. проф.		
Норма бақылаушы	Н.В. Козюкова, техн. ғыл. магистр, оқытушы		

Ғылыми жетекшісі _____ Ж.Т. Наширалиев
(қолы)

Тапсырманы орындауға
алған білім алушы _____ Д. Д. Құлтөре
(қолы)

Күні « » 2019 ж.

АНДАТПА

Жұмыс тақырыбы: «Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй»
Сәулеттік-құрылыстық бөлімінде бас жоспар, көлемді-жоспарлық шешімдер қарастырылған, сыртқы қоршау конструкциялары есептелген.
Есептік-конструктивтік бөлімінде «ЛИРА САПР 2013»-да рама есебі және аражабын плитасы мен ұстынды жобалау және есептеу орындалған.
Құрылыс өндірісінің ұйымдастыруы бөлімінде жерасты бөлігін тұрғызу, оның технологиялық картасын тұрғызу, күнтізбелік жоспар қарастырылған.
Сметалық құжаттама ABC-4 бағдарламалық кешенін қолдану арқылы құрылыстың сметасы есептелген. Сметалық құны – 1066456,812 мың. теңге
Бет 90, кесте 20, әдебиет 22. Сызбалық бөлім 8 парак, форматы А3.

АННОТАЦИЯ

Тема работы: «Элитный жилой дом в городе Талдыкорган»
В архитектурно-строительном разделе проекта приняты решения по генплану и по объемно-планировочным, выполнен теплотехнический расчет толщины наружной стены.
В расчетно-конструктивном разделе произведен расчет пространственного каркаса на «ЛИРА САПР-2013» и сконструированы колонна и плита.
В разделе технологии строительного производства предусмотрен возведение подземной части, построение ее технологической карты, календарный план.
Сметная документация рассчитана с применением программного обеспечения ABC-4. Сметная стоимость - 1066456,812 тыс. тенге.
Страниц 90, табл. 20, литература 22 наименований. Графическая часть на 8 листах формата А3

THE SUMMARY

Theme of the work: «Luxury residential house in Taldykorgan»
In the architectural and construction section of the project, decisions were made on the master plan and on the space-planning, thermal calculation of the thickness of the outer wall was performed.
In the design section, the calculation of the spatial frame on the "LIRA CAD-2013" and constructed column and plate.
In the section of technology of construction production provides for the construction of the underground part, the construction of its technological map, the calendar plan.
The estimate documentation is calculated using the ABC-4 software. Estimated cost - 1066456,812 thousand tenge.
Page 90, table. 20, literature 22 items. Graphic part on 8 sheets of A3 format

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Сәулеттік-құрылыс бөлімі	8
1.1 Құрылыс ауданының сипаттамасы	8
1.2 Бас жоспар шешімдері	8
1.3 Көлемді-жоспарлық шешімдер	9
1.4 Құрылымдық шешімдер	10
1.5 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі	11
1.6 Санитарлық-техникалық және инженерлік жабдықтау	12
1.7 Антисейсмикалық шаралар	13
2 Есептік – конструктивтік бөлім	15
2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схемаларын құру	15
2.2 Тұтас құймалы темірбетон конструкциялар есебі	18
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	27
3.1 Құрылыстық бас жоспарды жобалау	27
3.2 Ғимараттың жер асты бөлігін тұрғызу	28
3.3 Қабылданатын жұмысқа және сапаға қойлатын талаптар	37
3.4 Күнтізбелік жоспарлау	38
4 Құрылыс экономикалық бөлімі	41
4.1 Түсініктемелік жазба	41
5 Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	43
5.1 Еңбекті қорғау	43
5.2 Ғимаратты салу кезіндегі қоршаған ортаны қорғау шаралары	43
ҚОРЫТЫНДЫ	45
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	46
ҚОСЫМША	47-90

КІРІСПЕ

Құрылыс барлық уақытта сұранысқа ие болған салалардың бірі. Құрылыс индустриясының қарқынды дамуы өндірістік құрылыс әдістерін, жаңа құрылыс пен құрылымдық жүйелерді енгізу арқылы жүреді. Еліміздің қарқынды дамуы мен тұрғындардың санының өсуі, адамдардың жайлы өмір сүруі үшін, көптеген ғимараттар мен үймереттермен қамтамасыз ету қажет.

Тәуелсіздігімізді алған жылдары құрылыстың құлдырауынан кейін қайта құрылымдау кезеңінде, құрылыстың маңыздылығы байқалды. Тұрғын үй тапшылығы, өмір сүруге болмайтын ескі ғимараттардың көптігі, өнеркәсіптің дамуы мен тұрғын үйлердің құрылысына сұраныс артқандығын көрсетті.

Қазіргі уақыттағы құрылыс саласының көркеюі, ғылыми-техникалық тұрғыдан зерттеліп, көптеген жылдар бойы қиындықтардан өткен нәтижесі болып табылады. Құрылыс жылдамдығының сапасы мен өсуіне қойылатын талаптар артып келеді, бірақ көбінесе құрылысшылар жеткілікті білімге ие емес. Бұл ғимараттар мен құрылыстардың нашар сапасына, ал кейбір жағдайларда апаттарға әкелуі мүмкін. Сондықтан құрылысшылар арнайы техникалық білімді иемденеді керек. Бұл білім құрылысшылар, құрылыс индустриясының инженерлері және басқа да мамандарға аса қажет.

Жоғарыдағы айтылған негізгі мәселелердің жиынтығын шешу, болашақта конструктивтік жобалық шешімдерді оңтайландыру мен материалдарды тиімді пайдалану, жаңа өндірістердің индустриаландыруларын іске асыру, құрылысшылардың қызметінде үлкен мүмкіншіліктер туғызады. Осының барлығы жаңа сапалы үймереттер мен ғимараттардың пайда болуымен тығыз байланыста.

Мемлекетіміздің экономикалық жағдайы өскен сайын, көптеген ғимараттар мен үймереттер салынуда. Халықтың жағдайы мен саны өсуде. Соған байланысты еліміздің әрбір қалаларында тұрғын үйлердің көптеп салынуда. Соның бірі Талдықорған қаласыдағы элиталық тұрғын үй.

Дипломдық жобада Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй жобаланған. Осы жоба қазіргі уақыттағы құрылыстағы жаңа әдіс-тәсілдер мен техникалардың, құрылыс материалдардың, және де ұқсас тұрғын үйлердің жоба кезіндегі үздік жетістіктердің жиынтығы болып табылады. Осыған орай, дипломдық жоба құрылыс ережелері мен норма талаптарына сай орындалған.

1 Сәулеттік-құрылыс бөлімі

1.1 Құрылыс ауданының сипаттамасы

Талдықорған қаласында салынатын «Элиталық тұрғын үй» тақырыбына арналған дипломдық жоба Абай көшесінің оңтүстік бөлігінде, Медеу көшесі мен Кунаева көшелерінің арасында орналасқан.

Ғимарат орналасқан аймақ – Талдықорған қаласы.

Климатологиялық ауданы – III-B

Ғимараттың класы – II

Ғимараттың отқа төзімділігі – II

Желдің жалдамдығы - 48 кг/м^2

Қардың салмағы - 50 кг/м^2

Сыртқы ауа температурасы:

$t_{\text{ЕЫА}} = +23.8^{\circ}\text{C}$ – ең ыстық айдағы температура;

$t_{\text{ЕСА}} = -8.6^{\circ}\text{C}$ – ең салқын айдағы температура;

Ғимараттың ішкі кеңістігіндегі температурасы – $t_i = 18^{\circ}\text{C}$

Инженерлік-геологиялық жағдайы – әдеттегідей.

Топырақтың түрі – ірі тасты.

Жер суының деңгейі – 17 м.

Ауаның салыстырмалы орташа ылғалдылығы:

- ең салқын айдағы - 80%

- ең ыстық айдағы - 42%

1.2 Бас жоспар шешімдері

Жобаланып отырылған «Элиталық тұрғын үй» орналасқан учаскенің бас жоспары.

Ғимараттың бас жоспары тік төртбұрышты. Ғимарат ұзындығы-48,8м, ені – 16,5м. Салынатын ғимарат жоспарында жобаланған тұрғын үймен қоса бір 9-қабатты тұрғын үй мен екі 7-қабатты тұрғын үй және банктер орналасқан. Және де жобаланған ғимарат жоспарының орталық жағында шаруашылық алаң, адамдардың демалатын орны, көлік пен адам жүретін жабылмалы асфальт жолдары, балалардың арналып салынған ойын алаңдары қарастырылған. Қоқыстар мен қалдықтарды салатын контейнерлер орналасқан жер қарастырылған. Жертелімді көркейтіп, көгалдандыру мақсатында жасанды көк шөптер, сағақты жапырақтар және қылқан жапырақты ағаштар, бұталар, раушан, лала гүлдері отырғызылған. Жертелім бетінен жаңбыр және қар суларын ағызып жіберу мақсатында жер бетін солтүстіктен аймақтан оңтүстікке қарай қиялау етіп тегістелген. Тұрғын үйлердің араларықтарында тазалықты сақтайтын және өртке қарсы шектеулерді сақтайтын нормативтік құжаттарға сай етіп жобаланған. Ғимараттың жертелімі жер бетінің тегістігіне байланысты тік, сонымен қоса бұрынғы тұрғын үйлер мен ғимараттарға жазықтай бекітілген.

1.3 Көлемді-жоспарлық шешімдер

Ғимарат 12 қабатты. Қабат биіктігі 3 м, ғимарат биіктігі – 41,8м. Ғимараттың астыңғы қабатында цокольдік қабат пен жертөле орналасқан. Жертөле биіктігі 2,1 м және цоколь қабат биіктігі 3,6 м. Бірінші қабат пен он екінші қабат аралықтың барлығы тұрғын пәтерлермен орналастырылған.

Тұрғын үйде 1-бөлмелі, 2-бөлмелі және екі 3-бөлмелі пәтерлер қарастырылған. Кесте 1.1 және 1.2-де ғимараттың әр қабаттарындағы бөлмелер экспликациясы мен пәтер аудандары көрсетілген

Кесте 1.1 – Бөлмелер құрамы және олардың аудандары

Пәтер	Ауданы м ²
1- бөлмелі	43,9
2- бөлмелі	64,1
3- бөлмелі	82,76
3- бөлмелі	198,13

Кесте 1.2 – Әр қабаттағы бөлмелер экспликациясы

1-Қабаттағы бөлмелер экспликациясы		
Кеңселік бөлмелер		
Бөлмелер атауы		Ауданы м ²
Сауда залы	х 3	426,98
Қосалқы бөлме	х13	230,79
Жинақталған зат қоймасы	х 2	22,86
Қызметтік бөлме	х 5	76,3
Электрлік щиті	х 2	19,21
Тазалық бөлме	х 6	7,24
Директор бөлмесі		11,78
Бухгалтерия		17,57
Қабылдау бөлмесі		15,80
Гардероб		15,60
Санитарлық түйін	х 4	16,53
Типтік қабаттағы бөлмелер экспликациясы		
Қонақ бөлмесі	х 8	145,08
Асхана	х 8	102,56
Жатын бөлме	х 8	141,42
Кабинет	х 2	31,64
Хол	х 8	87,7
Санитарлық түйін	х 8	35,32
Қойма	х 2	9,62
Балкон	х 14	77,14

1.4 Құрылымдық шешімдер

Жобаланып отырған ғимарат құрылымдық сызбасы – қаңқасыз, көлденең және бойлық орналасқан ішкі және сыртқы қабырғалары қаттылық диафрагмалары көтергіш. Төбе жабын мен аражабын плиталары бойлық және көлденең орналасқан көтергіш қабырғаларға ұшы тиіп орналастырылады. Ғимараттың кеңістіктегі беріктігі бойлық және көлденең орналасқан қабырғалар мен бағаналарға, баспалдақтармен, жабын және аражабын плиталармен, құрылымдық бөлшектердің бір-бірімен байланыс түйіндерінде төзімді де берікті байланыстармен қамтамасыз етіледі.

Іргетас – ғимараттың астындағы негіз, ірі тасты құмдармен орналасқан. Тұрғын үйдің құрылымдық сызбасы қаңқалы болғаны үшін, қаттылық диафрагмалары мен қабырғасының астына біртұтас құймалы іргетас орнатылған. Іргетас құймалы темірбетон жасалған. Бетон маркасы В30

Іргетастың тереңдік орналасу белгісін анықтаймыз:

1. Тұрғын үйдің ауданына байланысты іргетастың астында негіз бола алатын топырақтың есепті қату деңгейін келесі формуламен анықтаймыз:

$$d_f = d_{f_n} \cdot k_n = 1,2 \cdot 0,46 = 0,552 \text{ м}$$

мұндағы: d_{f_n} - 1,2 м – топырақты ашық жердегі қату деңгейі, бұл мән СНиП 2.01.01-82-дегі картаға қарап алынды. $k_n = 0,46$ – жылудың әсер коэффициенті, бұл мән СНиП 2.02.01-83-тегі 1-кестеге қарап алынады.

2. Есептелген d_f -тің мәнін d_w -1,2 м мәнімен салыстырып тексереміз.

$$d_w \geq d_f + 2 = 1,2 \leq 0,552 + 2 \\ 1,2 \leq 2,552$$

Топырақтың түріне және оның күйіне байланысты, іргетас тереңдік орналасу белгісі топырақтың есепті қату деңгейінен аз болмауы керек, сондықтан 0,552 м.

Қаттылық диафрагмалары - монолитті бетоннан құйылған. Бетонның маркасы В30 болып келеді. Қаттылық диафрагмасы ғимараттың беріктігіне және сенімді қаттылығына жауап береді.

Ұстындар – тұтас құймалы монолитті бетон, пішіні қиылысатын тік бұрышты қиылысатын темірбетон ;

Арқалықтар - тұтас құймалы монолитті бетоннан жасалынған. Өлшемдері 400х500 мм.

Қабырғалар - ғимараттың сыртқы газаблокты және ішкі қабырғалары кірпіштерден жасалынған. Ішкі қабырға қалыңдықтары 200мм етіп қабылданған. Таса қабырғалардың қалыңдықтары – 120 мм және 160 мм етіп қабылданған.

Аражабын және төбе жабын плиталары - тұтас монолитті бетоннан жасалған, қалыңдығы – 200 мм. Контр бойынша тірелген Бетон класы В30.

Тасалар – тұтас құймалы монолитті темірбетон үстіне орнатылып, кірпіштен қаланған, қалыңдығы – 160мм.

Баспалдақтар - баспалдақтар тұтас құймалы моналитті темірбетоннан жасалған. Қабатаралық жабын плиталары баспалдақ торының бойлық қабырғаларына бекітіліп, қоршаулардың биіктігі 900 мм тең темір тор материалдарынан орыншалары дәнекерленіп, тоқылып бекітіледі. Баспалдақ тепкішектері қабатаралық жабын плиталарында қарастырылған кертіктерге тоқылып дәнекерленеді. Тұтыс құймалы бетон тепкіштері қабатаралық жабын плиталарымен арматура арқылы байланысып тоқылып дәнекерленіп тоқылған. Бетон класы В30.

Едендер - 3 түрі пайдаланылған : мозайкалы бетонды, линолеумды, керамикалық тақтадан .Ғимараттың жертіле қабатының едендері темірбетон болғандықтан, үстіне мозайкалы бетонмен орналасқан.

Шатыр - жабылма битум мастикасы арқылы желімделген 4 қабатты рубероидтан (жоғарғы қабаты) жасалған, қалыңдығы 20 мм болған, құм және цемент ерітіндісі құйылған. жылу қаптаманың қалыңдығы – 95 мм

1.5 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі

- 1.Салынатын ауданы – Талдықорған қаласы.
- 2.Қысқы мезгілдегі сыртқы ауа температурасы
 $t_{\text{ЕСА}} = -8,6^{\circ}\text{C}$ – ең салқын айдағы температура;
3. Тұрғын үй элементтерінің ылғалдық қалпы – қалыпты.

Кесте 1.3 – Сыртқы қабырға құрылымдарын есептеу

Атауы	δ м	ρ кг/м ³	λ Вт/м * °C	S
Ішкі сылау	0,015	1800	0,76	9,6
Газаблокты қабырға	0,2	2500	1,92	17,98
Жылуоқшаулағыш миниралдық вата	x	350	0,09	1,46
Жасанды тас	0,02	2800	2,91	22,86

СНиП-3-79-тен жылу-техникалық коэффициенттері және көрсеткіштерінің сан мәндерін таңдап аламыз:

- $n=1$, 3-ші кесте; $\Delta t^{\text{н}} = 6^{\circ}\text{C}$ - 2-ші кесте;
 $\alpha_i = 8,7 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$ – 4-ші кестеден алынған;
 $\alpha_c = 8,7 \text{ Вт/м}^2 \cdot ^{\circ}\text{C}$ - 6-шы кестедегі сан шамасы;
 $t_i = 18^{\circ}\text{C}$ – тұрғын үйдің ішкі температурасы;
 Қабылданған шамалар арқылы есептейміз:

1. Бірінші тұрғын үйдің қабырғасын кіші инерциялы етіп аламыз, яғни $4 > D$, сол себепті ғимараттың сыртқы атмосфераның температурасы:
 $t_c = t_{\text{ЕСБ}} = -8,6^{\circ}\text{C}$

2. Жылуды өткізетін кедергі мәнін анықтаймыз:

$$R_o^k = \frac{n(t_i - t_c)}{t_n * \alpha} = \frac{1(18 - (-21))}{6 * 8.7} = \frac{39}{52.2} = 0.747$$

$R_o^k = R_o$ – бір-бірімен теңестіреміз және қабырғадағы қима қабатың қалыңдығын анықтаймыз:

$$R_o^k = R_o = \frac{1}{\alpha_i} + \frac{\delta_1}{\lambda_1} + \frac{\delta_2}{\lambda_2} + \frac{\delta_3}{\lambda_3} + \frac{\delta_4}{\lambda_4} + \frac{1}{\alpha_c}; \quad (1.1)$$

$$0.747 = \frac{1}{8.7} + \frac{0.015}{0.76} + \frac{0.35}{1.92} + \frac{\delta_3}{0.09} + \frac{0.02}{2.91} + \frac{1}{23};$$

$$0.747 = 0.11 + 0.018 + 0.182 + \frac{\delta_2}{0.09} + 0.007 + 0.043;$$

$$0.747 = 0.28 + \frac{\delta_3}{0.09};$$

$$0.467 = \frac{\delta_2}{0.09}; \quad \delta_2 = 0.042 \text{ м};$$

Газаблокты қабырғаның толыққанды қалыңдығы:

$$\delta = \delta_1 + \delta_2 + \delta_3 + \delta_4 = 0.015 + 0.2 + 0.042 + 0.02 = 0.260 \text{ м}$$

Жоғарыда алынған қалыңдықтағы газаблокты қабырғаның массивтігін анықтап аламыз:

$$D = \sum R * S = R_1 * S_1 + R_2 * S_2 + R_3 * S_3 = \frac{\delta_1}{\lambda_1} * S_1 + \frac{\delta_2}{\lambda_2} * S_2 + \frac{\delta_3}{\lambda_3} * S_3 = 0.018 * 9.6 + 0.156 * 17.98 + 0.387 * 1.46 + 0.007 * 22.86 = 0.173 + 2.80 + 0.565 + 0.16 = 3.698$$

Есептеу нәтижесі бойынша қабырғаның массивтігі кіші болып шықты

$$D = 4 > 3.698;$$

яғни, алдын-ала қабылданған қабырға қалыңдығы сәйкес келгендіктен газаблокты қабырғаның толық қалыңдығын $\delta = 260$ мм деп аламыз.

1.6 Санитарлық-техникалық және инженерлік жабдықтау

Тұрғын үйді жылумен қамтамасыз ету, арнайы жылу көздерінің жүйелері болып табылады. Ғимараттың жер төлесінде бір құбырлы жылыту жүйесі бар, ол орталық қала жүйесінен тартылған. Оған пәтерлерге жылуды жеткізетін арнайы құбырлар бар. Құбырлар пластмассаладан және болаттан жасалған.

Барлық пәтерлерде жылытушы құрылғы термостатикалық басы секциялы және термостатикалық клапандары бар радиаторлар орналастырылған.

Санитарлық түйіндерден және асханалардан, тазалық бөлмелерінен ауаны сору үшін арнаулы вентиляциялар орнатылған.

Сыртқы су жүйелері болатты электродәнекерленген құбырлардан асалған. Канализация жүйелерінің құдықтары сейсмикалық талаптарға сай орындалған.

Канализация құдықтары сейсмиканы ескеріп темірбетоннан жасалынған, ал құбырлары МЕСТ 18-39-80* құжаттарына сай асбестцементтен салынған.

Тұрғын үйдің ішкі ішуге жарамды ас су жүйелері тұрмыстық-шаруашылық орталықтан қала жүйесіне қосылған. Ас суын өртке қарсы етіп қарастырылуы тиіс. Судың арынын күшейту үшін арнайы арын күшейткіш сорғыш станциялары орнатылған.

Ғимаратты суық және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің құбырлары поршенді пластмассалы құбырлармен жоспарлаған.

Электр қуатымен қамтамасыз ететін кернеуі 380/220В болатын топтық жүйелер ВВГ маркалы кабельдермен орналастырылады. Ток орталық жүйеден тартылған.

Жауын-шашын суларын ағызып алып кететін сыртқы суағарлар жоспарланған.

Қалалық телефон жүйесінен сымдарды тарту жертөледе орындалады.

Лифттердің жұмыс бақылау үшін, лифттер тоқтап қалған жағдайда диспетчермен байланысу үшін, лифттердің құрылыс жүріп жатқанда, лифтердің машиналық бөлмесіне телефон жүйесінің қорабы орналастырылады, сол жерден телефон жүйесінің сымдарын жертөледе орналасқан диспетчер бөлмесіне тартылады.

Өртке қарсы шаралар және дабыл. Тұрғын үйді жобаланған кезде өртке қарсы нормаларды пайдаланған және ғимаратта өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әртүрлі шаралар жасалынған. Отқа төзімділік дәрежесі – II. Ғимараттан 4 шығу есіктері бар, шығу есіктері сыртқа қарай ашылады. Өрт болған жағдайда ғимаратты қорғау үшін арнайы өртке қарсы дабыл орналастырылған.

1.7 Антисейсмикалық шаралар

Сейсмикалық аудандарда ғимараттар мен үймереттерді жобалау кезінде сейсмикалық әсердің қарқындылығы және оның қайталануы ескеріледі. Көлемдік жоспарлау және конструктивтік шешімдер кезінде, ғимараттың симметриялы болуын, массалар мен қаттылықтың біркелкі таралу жағдайын қанағаттандырылған жөн.

Егер функционалды және архитектуралы-жоспарлы себептерге байланысты, жоспардағы ғимараттың күрделі және ассиметриялық пішінін болдырмау мүмкін болмаса, оны антисейсмикалық тігістер арқылы кіріс бұрыштары жоқ қарапайым пішінге бөлуге болады.

Бұл антисейсмикалық тігістер ғимараттың көлемі нормативті деңгейден асқан кезде де қолданылады. Ғимараттың негіздері немесе оның бөліктері, әдетте бір деңгейде орнатылады.

Тас қабырғалары бар ғимараттың тұрақтылығы мен қаттылығын қамтамасыз ету үшін, сыртқы және ішкі қабырғалардың бүкіл ұзындығына сәйкес келетін антисейсмикалық белдіктермен қамтамасыз етіледі.

Тұрғын үйдің бөлме аралық қабырғалары, тұрғын үйдің өзін-өзі көтергіш қабырғасы конструкцияларымен бірге сейсмикалық жүктемелерді мен әсерлерді қабылдайды (қаңқаларымен бірге).

Антисейсмикалық белдіктер әдетте, қабырға қалыңдығына тең болып келеді. Қабырғаның қалыңдығы 500 мм-ден асқан кезде, белдіктер қабырға енінен 120 мм аз болуы мүмкін. Белдігінің биіктігі көбінесе 150 мм-ден артық қабылданады.

Тұрғын үйдің антисейсмикалық шаралары мыналарды қамтиды:

- жер сілкінісіне төзімді құрылымдық жүйелерді пайдалану;
- ғимараттар мен үймереттерді антисейсмикалық жіктерге бөлу;
- материалдардың типтері бойынша шарттары мен көлемін реттеу;
- сейсмикаға қарсы белдеулерді жобалау схемаларында қолдану;
- тас құрылымдарының элементтерін арматуралық бұйымдармен нығайту.

Тас қаланған қабырғаларын ұзындығы 1,5 м арматуралық торлар жатыр, торда кемінде 1 см қашықтықта арматуралардың көлденең қимасы бар.

2 Есептік – конструктивтік бөлім

2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схемаларын құру

Негізгі мәліметтер:

Ғимарат жауапкершілігінің деңгейі - II.

Көлденең бетінің 1 м^2 қар жамылғысының нормативті мәні $0,7 \text{ кПа}$ Жел қысымының III аудан үшін нормативті шамасы - $0,38 \text{ кПа}$

Құрылыс алаңының есептік сейсмикалылығы - 8 балл

Сейсмикалық қасиеттері бойынша топырақ категориясы - II.

Ғимарат 12- қабатты, пішіні тіктөртбұрышты және жобадағы өлшемдері $46,8 \times 16,5 \text{ м}$, ғимарат биіктігі – $41,8 \text{ м}$ қабат биіктігі 3 м , жертөле биіктігі $2,1 \text{ м}$ және цоколь қабат биіктігі $3,6 \text{ м}$. Бірінші қабаттан он екінші қабатқа дейін тұрғын пәтерлер орналасқан.

АР және ҚМЖЕ 2.01.07-85* сызбаларына сәйкес жүктемелерді жинау. Ғимараттың тірек конструкцияларын есептеу ЛИРА САПР 2013 бағдарламасын пайдаланып, шеткң элемент әдісімен жүзеге асырылды. Есеп ҚМЖЕ 2.01.07-85* «Жүктемелер және әсерлер» талаптарына сәйкес жасалған. Есептік сейсмикалық жүктемелер ҚР ҚМЖЕ 2.03-30-2006 «Сейсмика аудандарындағы құрылыс» талаптары бойынша жасалды.

Кесте 2.1 – Жертөле жабын тақтасының жүктемелер жинағы

Жүктемелер	Нормативті жүктеме, тс/м^2	Жүктеме б/ша сенімділік коэффициенті	Есептік жүктеме, тс/м^2
<i>Тұрақты жүктеме:</i>			
Керамика тақтасы, $\delta=0,015 \text{ м}$, $\gamma=2,400 \text{ т/м}^3$;	0,353	1,1	0,39
Цементті-құмды ерітінді, $\delta=0,085 \text{ м}$, $\gamma=1,800 \text{ т/м}^3$;	0,15	1,3	0,195
Тұтас құмайлы жабын тақтасы, $\delta=0,2 \text{ м}$, $\gamma=2,500 \text{ т/м}^3$;	5	1,1	5,5
<i>Уақытша жүктеме:</i>			
Ұзақ мерзімді	1,0	1,2	1,20
Қысқа мерзімді	0,975	1,3	1,17
<i>Барлығы:</i>			
Тұрақты			6,1
Уақытша ұзақ мерзімді			1,2
Уақытша қысқа мерзімді			1,17

Кесте 2.2 – Типтік қабаттардағы жабын тақтаның жүктемелер жинағы

Жүктемелер	Нормативті жүктеме, тс/м ²	Жүктеме б/ша сенім. коэффициенті	Есептік жүктеме, тс/м ²
<i>Тұрақты жүктеме:</i>			
Керамика тақтасы, $\delta=0,015$ м, $\gamma=2,400$ т/м ³ ;	0,353	1,1	0,39
Цементті-құмды ерітінді, $\delta=0,085$ м, $\gamma=1,800$ т/м ³ ;	0,15	1,3	0,195
Тұтас құмайлы жабын тақтасы , $\delta=0,2$ м, $\gamma=2,500$ т/м ³ ;	5	1,1	5,5
<i>Уақытша жүктеме:</i>			
Ұзақ мерзімді	1,0	1,2	1,2
Қысқа мерзімді	0,7	1,3	0,91
<i>Барлығы:</i>			
Тұрақты			6,1
Уақытша ұзақ мерзімді			1,2
Уақытша қысқа мерзімді			0,91

Кесте 2.3 – Қорғауыш конструкциялар салмағының жүктемелер жинағы

Жүктемелер	Нормативті жүктеме, тс/пм	Жүктеме б/ша сенім. коэффициенті	Есептік жүктеме, тс/пм
Ішкі сылау $\delta=0,015$ м, $\gamma=1800$ кг/м ³ h=3,0 м			
Газаблокты қабырға $\delta=0,035$ м, $\gamma=2500$ кг/м ³ ; h=3,0 м	0,27	1,3	0,351
Жылуоқшаулағыш миниралдық вата $\delta=0,045$ м, $\gamma=350$ кг/м ³ ; h=3,0 м	0,875	1,2	1,05
Жасанды тас $\delta=0,020$ м, $\gamma=2800$ кг/м ³ h=3,0 м	0,157	1,1	0,173
	0,56	1,3	0,728
<i>Барлығы:</i>			
Тұрақты жүктеме	1,862		2,302

Кесте 2.4 – Төбе жабын тақта жүктемелер жинағы

Жүктемелер	Нормативті жүктеме, тс/м ²	Жүктеме б/ша сенім. коэффициенті	Есептік жүктеме, тс/м ²
<i>Тұрақты жүктеме:</i>			
Битумға сіңірілген қиыршақ тас $\delta=0,008$ м, $\gamma=800$ кг/м ³ ;	0,34	1,2	0,408
Желімделген 4 қабат рубероид $\delta=0,025$ м, $\gamma=600$ кг/м ³ ;	0,015	1,3	0,0195
Цементті құм ерітіндісі $\delta=0,025$ м, $\gamma=1800$ кг/м ³	0,45	1,3	0,585
Керамзит $\delta=0,060$ м, $\gamma=600$ кг/м ³	0,36	1,2	0,432
Цементті құм ерітіндісі $\delta=0,002$ м, $\gamma=600$ кг/м ³	0,012 5	1,2 1,1	0,0144 5,5
Тұтас құмайлы жабын тақтасы , $\delta=0,2$ м, $\gamma=2,500$ т/м ³ ;			
<i>Уақытша жүктеме:</i>			
Қысқа мерзімді	0,5	1,3	0,65
<i>Барлығы:</i>			
Тұрақты			6,1
Уақытша қысқа мерзімді			0,65

Кесте 2.5 – Қар жүктемесі

Жүктемелер	Нормативті жүктеме, тс/м ²	Жүктеме б/ша сенім. коэффициенті	Есептік жүктеме, тс/м ²
Қар жүктемесі	0,7	1,4	0,98

Жертөле қабырғасына топырақтан түсетін жүктеме.

$$q_s = \gamma_f \cdot p_{bf} \cdot h_{np} \cdot \operatorname{tg}^2 \left(45 - \frac{\varphi}{2} \right) \quad (2.1)$$

мұндағы: $\gamma_f = 1,2$ – жүктеме бойынша сенімділік коэффициенті;

$p_{bf} = 1,8 \text{ т} / \text{м}^3$ – қайта көму тығыздығы;

$\varphi = 20^\circ$ - ішкі үйкеліс бұрышы;

$d=2,1$ м – жертөле қабатының биіктігі.


$\gamma_g = 1,15$ – топырақ бойынша сенімділік коэффициенті;

$$h_{np} = \frac{p}{p_{bf}} = \frac{1,0}{1,8} = 0,56 \text{ м}$$

$$q_s = 1,2 \cdot 1,8 \cdot 0,56 \cdot \operatorname{tg}^2 \left(45 - \frac{28}{2} \right) = 0,44 \text{ м} / \text{м}^2 = 4,4 \text{ кН} / \text{м}^2$$

$$q_n = \gamma_g \cdot p_{bf} \cdot \left(\frac{\gamma_f}{\gamma_g} h_{np} + d \right) \cdot \operatorname{tg}^2 \left(45 - \frac{28}{2} \right) = 1,15 \cdot 1,8 \cdot 4,04 \cdot \operatorname{tg}^2 31 = 2,9 \text{ м} / \text{м}^2 = 29,0 \text{ кН} / \text{м}^2.$$

дәурен.13d



Сурет 2.1 – Лира САПР бағдарламасындағы тұрғын үйдің есептік сұлбасы.

2.2 Тұтас құймалы темірбетон конструкциялар есебі

Тұтас құймалы аражабын плитасын құрастыру.

Есептеуге қажетті мәліметтер:

Аражабын плитасының биіктігі $h = 20 \text{ см}$.

Аражабын плитасының өлшемдері $L_{c82} \times L_{c61} = 3,6 \text{ м} \times 6,3 \text{ м}$.

Бетонның қорғаныш қабаты $a = 1,5 \text{ см}$.

Ауыр бетон классы В30

Бетон жұмысының шартты коэффициенті $\gamma_{b2} = 0,9$;

Жұмысшы арматура А 500 с.

Аражабынға плитасына 1 м^2 түсетін уақытша жүктеме - $v^n = 2,11 \text{ кН} / \text{м}^2$.

Материалдардың есептік шамалары:

В30 бетон классы:

$$R_b = 17 \text{ МПа} = 17 \text{ кН} / \text{см}^2$$

$$R_{bt} = 1,2 \text{ МПа} = 0,12 \text{ кН} / \text{см}^2$$

Коэффициентті көбейтеміз $\gamma_{b2} = 0,9$:

$$R_b = 15,3 \text{ МПа} = 1,53 \text{ кН} / \text{см}^2$$

$$R_{bt} = 1,08 \text{ МПа} = 0,108 \text{ кН} / \text{см}^2$$

А 500 с классты жұмысшы арматура :

$$R_s = 435 \text{ МПа} = 43,5 \text{ кН} / \text{см}^2$$

Аражабын плитасының арматура орналасатын биіктікті анықтаймыз h_0 :

$$h_0 = h - a = 20 - 1,5 = 18,5 \text{ см}$$

Аражабын плитасының есептік арақашықтарын анықтаймыз :

$$L_{0.sh} = L_{c\phi 1} = 6,3 \text{ м}$$

$$L_{0.L} = L_{c\phi 2} = 3,6 \text{ м}$$

Аражабын плитасының есептік байланыс арақашықтарын анықтаймыз :

$$\frac{L_{0.L}}{L_{0.sh}} = \frac{6,3}{3,6} = 1,7$$

Аражабын плитасы контр бойынша тіркелген .

Иілу моментін анықтау үшін шекті тепе-теңдік тәсілімен есептейміз :

M_1, M_2 - арақашықтық моменті

$M_I, M'_I, M_{II}, M'_{II}$ - тіреу моменті

- 1) сызықтық топса бойынша бойлық қырымен сүйенуі шамасы
- 2) сызықтық топса бойынша бұрыш бисектрисасы және аралықтың ортасы

Кесте 2.6 – Аражабын плитасының шеттері момент мәніне тәуелділігі

Аражабын плитасының шеттер байланысы $L_{0.L} / L_{0.sh}$	M_2 / M_1	M_I / M_1 M'_I / M_1	M_{II} / M_1 M'_{II} / M_1
1,5	1,2	2,5	2,5

Аражабын плитасының иілу моменттерін анықтаймыз:

$$\frac{q \cdot L_{0.sh}^2}{12} \cdot (3L_{0.L} - L_{0.sh}) = (2M_1 + M_I + M'_I) \cdot L_{0.L} + (2M_2 + M_{II} + M'_{II}) \cdot L_{0.sh} = (2M_1 + 2M_1 + 2M_1) \cdot L_{0.L} + (2 \cdot 0,5 \cdot M_1 + 0,75M_1 + 0,75M_1) \cdot L_{0.sh}; \quad (2.2)$$

$$\frac{(g + v) \cdot L_{0.sh}^2}{12} \cdot (3 \cdot L_{0.L} - L_{0.sh}) = 6M_1 \cdot L_{0.L} + 2,5M_1 \cdot L_{0.sh}; \quad (2.3)$$

$$\frac{8,3 \cdot 6,3^2}{12} \cdot (3 \cdot 3,6 - 6,3) = 6 \cdot M_1 \cdot 3,6 + 2,5 \cdot M_1 \cdot 6,3$$

$$M_1 = \frac{124}{37,5} = 4 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_2 = M_1 \cdot 1,2 = 4 \cdot 1,2 = 4,8 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_I = M_1 \cdot 2,5 = 4 \cdot 2,5 = 10 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M'_I = M_1 \cdot 2,5 = 4 \cdot 2,5 = 10 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M_{II} = M_I \cdot 2,5 = 4 \cdot 2,5 = 10 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

$$M'_{II} = M_I \cdot 2,5 = 4 \cdot 2,5 = 10 \text{ кН} \cdot \text{м}$$

Көлденен күштерді анықтау келесі формулада көрестілген :

$$Q_{\max} = \frac{q \cdot L_{0.L}}{2} = \frac{(8,3 \cdot 3,6)}{2} = 15 \text{ кН}$$

мұндағы: $q = (g + v) \cdot b = (6,1 + 2,11) \cdot 1 = 8,3 \text{ кН} / \text{м}$

$b = 1 \text{ м}$ - аражабын плитасының есептік ені ;

Аражабын плитасының аралығына жұмысшы арматураны анықтаймыз:

Аражабын плитасының ұзын бағытындағы арматура есебі.

Ұзын бағыттағы жұмысшы арматураның қиылысуын ұзын және қысқа бағытындағы аудаарын анықтаймыз:

$$A_{s1} = \frac{K_3 \cdot M_1}{R_s \cdot 0,9 \cdot h_0 \cdot b} = \frac{0,8 \cdot 480}{43,5 \cdot 0,9 \cdot 18,5 \cdot 100} = 0,03 \text{ см}^2$$

$$A_{s2} = \frac{K_3 \cdot M_2}{R_s \cdot 0,9 \cdot (h_0 - 1) \cdot b} = \frac{0,8 \cdot 1000}{43,5 \cdot 0,9 \cdot 17,5 \cdot 100} = 0,059 \text{ см}^2$$

мұндағы: $K_3 = 0,8$ - аражабын плитасының тіреген кезде қысылу дәрежесінің коэффициенті ;

Аражабын плитасының ұзын және қысқа бағыттарындағы паралельді барлық жұмысшы аралық қиылысу ауданан анықтаймыз:

$$A_{s.sh} = A_{s1} \cdot L_{0.L} = 0,03 \cdot 360 = 10,8 \text{ см}^2$$

$$A_{s.L} = A_{s2} \cdot L_{0.sh} = 0,059 \cdot 630 = 37 \text{ см}^2$$

Жұмысшы арматураның қадамын береміз :

Қысқа бағытта : $S = 25 \text{ см}$

Ұзын бағытта : $S = 25 \text{ см}$

Арматура санын анықтаймыз :

Қысқа паралельді шетімен бағытталған арматураның саны :

$$n = \left[\frac{L_{0.L}}{S} \right] + 1 = \frac{3,6}{25} + 1 = 13,6 \approx 14 \text{ шт.}$$

Ұзын паралельді шетімен бағытталған арматураның саны :

$$n = \left[\frac{L_{0.sh}}{S} \right] + 1 = \frac{6,3}{25} + 1 = 24,9 \approx 25 \text{ шт.}$$

Бір арматура ауданын және диаметрін анықтаймыз :

Аражабын плитасының қысқа бағыттағы паралельді арматура ауданы:

$$a_{s.sh} = \frac{A_{s.sh}}{n} = \frac{10,8}{14} = 0,77 \text{ см}^2$$

Аражабын плитасының ұзын бағыттағы паралельді арматура ауданы:

$$a_{s.L} = \frac{A_{s.L}}{n} = \frac{37}{25} = 1,48 \text{ см}^2$$

Аражабын плитасының қысқа паралельді арматурасының диаметрін сортаментке сәйкес қабылдаймыз: Ø 10 А 500 с $a_{s1} = 0,785 \text{ см}^2$

Аражабын плитасының ұзын паралельді арматурасының диаметрін сортаментке сәйкес қабылдаймыз: Ø 14 А 500 с $a_{s1} = 1,539 \text{ см}^2$

Барлық аражабын плитасы үшін бір жола қабылдаймыз :

Қысқа бағытта паралельді шетімен орналасқан арматуралар:

$$A_{s.sh} = 14 \cdot 0,785 \text{ см}^2 = 10,99 \text{ см}^2 \quad 14 \text{ Ø } 10 \text{ А } 500 \text{ с}$$

Ұзын бағытта паралельді шетімен орналасқан арматуралар:

$$A_{s.L} = 25 \cdot 1,539 \text{ см}^2 = 38,5 \text{ см}^2 \quad 25 \text{ Ø } 14 \text{ А } 500 \text{ с}$$

Аражабын плитасының қысқа бағытындағы арматура есебі.

Қысқа бағыттағы жұмысшы арматураның қиылысуын ұзын және қысқа бағытындағы аудадарын анықтаймыз:

$$A_{sI} = A'_{sI} = \frac{K_3 \cdot M_I}{R_s \cdot 0,9 \cdot h_0 \cdot b} = \frac{0,8 \cdot 1000}{36,5 \cdot 0,9 \cdot 18,5 \cdot 100} = 0,059 \text{ м}^2$$

$$A_{sII} = A'_{sII} = \frac{K_3 \cdot M_{II}}{R_s \cdot 0,9 \cdot (h_0 - 1) \cdot b} = \frac{0,8 \cdot 1000}{36,5 \cdot 0,9 \cdot 17,5 \cdot 100} = 0,059 \text{ см}^2$$

Аражабын плитасының ұзын және қысқа бағыттарындағы паралельді барлық жұмысшы аралық қиылысу ауданан анықтаймыз:

Аражабын плитасының қысқа паралельді шетімен бағытталған:

$$A_{s.sh} = A_{sI} \cdot L_{0.L} = 0,059 \cdot 360 = 17,7 \text{ см}^2$$

Аражабын плитасының ұзын паралельді шетімен бағытталған:

$$A_{s.L} = A_{sII} \cdot L_{0.sh} = 0,059 \cdot 630 = 37,17 \text{ см}^2$$

Жұмысшы арматураның қадамын береміз :

Қысқа бағытта : $S = 25 \text{ см}$

Ұзын бағытта : $S = 25 \text{ см}$

Арматура санын анықтаймыз :

Қысқа паралельді шетімен бағытталған арматураның саны :

$$n = \left[\frac{L_{0.L}}{S} \right] + 1 = \frac{3,6}{25} + 1 = 13,6 \approx 14 \text{ шт.}$$

Ұзын паралельді шетімен бағытталған арматураның саны :

$$n = \left[\frac{L_{0.sh}}{S} \right] + 1 = \frac{6,3}{25} + 1 = 24,9 \approx 25 \text{ шт.}$$

Бір арматура ауданын және диаметрін анықтаймыз :

Аражабын плитасының қысқа бағыттағы паралельді арматура ауданы:

$$a_{s.sh} = \frac{A_{s.sh}}{n} = \frac{17,7}{14} = 1,26 \text{ см}^2$$

Аражабын плитасының ұзын бағыттағы паралельді арматура ауданы:

$$a_{s.L} = \frac{A_{s.L}}{n} = \frac{37,17}{25} = 1,48 \text{ см}^2$$

Қысқа паралельді арматурасының диаметрін сортаментке сәйкес қабылдаймыз:
Ø 12 А 500 с $a_{s1} = 1,313 \text{ см}^2$

Ұзын паралельді арматурасының диаметрін сортаментке сәйкес қабылдаймыз:
Ø 14 А 500 с $a_{s1} = 1,539 \text{ см}^2$

Барлық аражабын плитасы үшін бір жола қабылдаймыз :

Қысқа бағытта паралельді шетімен орналасқан арматуралар:

$$A_{s.sh} = 14 \cdot 1,313 \text{ см}^2 = 18,382 \text{ см}^2 \quad 14 \text{ Ø } 12 \text{ А } 500 \text{ с}$$

Ұзын бағытта паралельді шетімен орналасқан арматуралар:

$$A_{s.L} = 25 \cdot 1,539 \text{ см}^2 = 38,475 \text{ см}^2 \quad 25 \text{ Ø } 14 \text{ А } 500 \text{ с}$$

Аражабын плитасына көлденең күшке қарсыласуын тексереміз :

Көлденең арматураның орнату керектігін келесі формула арқылы тексереміз.

$$Q_{\max} \leq Q_{u1} = \varphi_{b3} \cdot (1 + \varphi_n) \cdot R_{bt} \cdot b \cdot h_0^2 \quad (2.4)$$

$$15 \leq Q_{u1} = 0,6 \cdot (1 + 0) \cdot 0,108 \cdot 100 \cdot 18,5^2 = 22,17 \text{ кН}$$

$\varphi_{b3} = 0,6$ - коэффициент, бетонның маркасына байланысты ;

$\varphi_n = 0$ - коэффициент, бойлық күштер әсірі есептелінеді ;

Шарт қамтамасыздандырылды, көлденең арматураның қажеті жоқ.

Аражабын плитасын құрастырамыз :

Аражабын плитасы тоқылған арматура қаңқасымен арматуралаймыз, астыңғы және үстінгі жұмысшы торлар құралған. Астыңғы жағының бойлық және көлденең арматура торлары жұмысшы болып және есеп бойынша диаметрі Ø 14 А 500 с, қадамы $S = 250$ мм. Торларды өзара байланыстыру үшін қамыт орнына жүретін бөлшектер Ø 12 А 400 қолданылады. Қадамы $S = 250$ мм.

Ұстынды тұрғызу есебі:

Қысуға жұмыс істейтін барлық темір-бетон элементтері беріктікті есептеу кезінде ортадан тыс сығылған элементтер ретінде есептеледі. Симметриялы арматураны $A_s = A'_s$ таңдау үшін есептік формулалар үш тендеудің жүйесінің бірлескен шешімінен алынады: бойлық күш тепе-теңдік есебі, моменттік және эмпирикалық тәуелділік үшін σ_s . В30 бетоннан жасалған элементтер үшін келесі формулалар бойынша есептеу реті:

$$\alpha_n = \frac{N}{R_b b h_0} > \xi_R; \quad (2.5)$$

$$\xi = \frac{\alpha_n(1-\xi_R) + 2\alpha_s\xi_R}{1-\xi_R + 2\alpha_s} > \xi_R; \quad (2.6)$$

$$\alpha_s = \frac{\alpha_n \left(\frac{e}{h_0} - 1 + \frac{\alpha_n}{2} \right)}{1 - \delta'}; \quad \delta' = \frac{\alpha'}{h_0} \quad (2.7)$$

$\alpha_s \leq 0$ болған кезде $A_s = A'_s$ арматуралаудың ең аз пайызы бойынша конструктивті қабылдаймыз.

$\alpha_s > 0$ болған кезде анықтаймыз:

$$A_s = A'_s = \frac{N}{R_s} \frac{e/h_0 - \xi(1-\xi/2)/\alpha_n}{1-\delta'} \quad (2.8)$$

Ұстын қимасын 400x400 мм алып жобалаймыз. 1-ші қабаттағы ұстының есептік сұлбасынан (1-А осьтері бойынша) 12627 элементі.

Қосымша 1 РСҮ кестесінен 12627 элементі үшін ең үлкен күшпен жүктемелерді таңдаймыз:

Жүктеменің толық күштері:

бойлық күш $N=4982,5$ кН;

иілуші момент $M=314,56$ кНм.

Жүктемелердің ұзақ мерзімді күші:

бойлық күш $N_l=3073,5$ кН;

иілуші момент $M_l=11,868$ кНм.

Есептік күш жүктемелері "Ли́ра-Сапр 2013" бағдарламалық кешенімен есептеу нәтижелері негізінде қабылданды. Монолитті ұстындардың l_0 есептік ұзындығы:

$$l_0 = 0,7h = 0,7 \cdot 3 = 2,1 \text{ м.}$$

Қорғаныс қабаты $a = a' = 40$ мм; ауыр бетон класы B30; $\gamma_{b2} = 0,9$; арматура классы А 500;.

$$R_b = 17 \cdot 0,9 = 15,3 \text{ МПа;}$$

$$E_b = 3,2 \cdot 10^4 \text{ МПа.}$$

$$R_s = R_{sc} = 435 \text{ МПа;}$$

$$E_s = 2 \cdot 10^5 \text{ МПа;}$$

$$h_0 = h - a = 400 - 40 = 360 \text{ мм;}$$

Салыстырмалы түрде аз, сығылған сыртқы күштер моменттерінің мәнін анықтаймыз (созылған арматура):

$$M_1 = M + 0,5 \cdot N \cdot (h_0 - a') = 314,56 + 0,5 \cdot 4982,5 \cdot (0,36 - 0,04) = 1111,76 \text{ кНм}$$

ұзақ мерзімді әсер ететін жүктеме кезінде:

$$M_{1l} = M_l + 0,5 \cdot N_l \cdot (h_0 - a') = 11,868 + 0,5 \cdot 3073,5 \cdot (0,36 - 0,04) = 503,628 \text{ кНм}$$

Статикалық анықталмайтын конструкциялар үшін эксцентриситеттің мәні үш мәннің үлкеніне тең:

$$e_0 = M / N = 314,56 \cdot 10^3 / 4982,5 = 63,13 \text{ мм;}$$

$$e_{a1} = h/30 = 400/30 = 13,3 \text{ мм};$$

$$e_{a2} = l_0/600 = 210/600 = 3,50 \text{ мм}.$$

Ұстынды есептеу үшін кездейсоқ эксцентриситетті таңдаймыз $e_{a1} = 13,3 \text{ мм}$.

Қима инерциясы радиусы $i = \sqrt{40^2 / 12} = 11,54 \text{ см}$. Себебі $l_0/i = 21/11,54 = 20,02 > 14$, онда ұстынның майысуын ескеру қажет. Нормалар майысымды элементтерді есептеуге рұқсат береді, $l_0/i > 14$ өзгермеген сұлба бойынша, элементтің иілу әсерін ескере отырып, e_0 эксцентриситетін η коэффициентке көбейту:

Иілімді элементтер үшін $14 \leq l_0/i \leq 35$ және $\mu = \frac{A_s + A'_s}{A} \leq 0,025$ тік бұрышты қима үшін N_{cr} мынадай формула бойынша анықтауға рұқсат етіледі:

$$N_{cr} = \frac{6,4E_b}{l_0^2} \left[\frac{J}{\varphi_l} \left(\frac{0,11}{0,1 + \delta_e} + 0,1 \right) + \alpha J_s \right] \quad (2.9)$$

мұндағы: $\varphi_l = 1 + \beta \frac{M_{II}}{M_I} = 1 + 1 \frac{503,628}{1111,76} = 1,45$

$\beta = 1,0$ – ауыр бетон үшін.

$$\delta_e = \frac{e_0}{h} = \frac{13,3}{400} = 0,033 > \delta_{e,\min} = 0,5 - \frac{0,01l_0}{h} - 0,01R_b = 0,5 - 0,01 \frac{2100}{400} - 0,01 \cdot 15,3 = 0,29$$

$$\alpha = \frac{E_s}{E_b} = \frac{2 \cdot 10^5}{3,2 \cdot 10^4} = 6,25$$

Бетонның тікбұрышты қимасының инерция моменті:

$$J = \frac{b \cdot h^3}{12} = \frac{40 \cdot 40^3}{12} = 2,13 \cdot 10^5 \text{ см}^4.$$

Арматуралау кезінде бірінші жақындауда коэффициенті:

$$\mu = 2 \cdot 0,005 = 0,01;$$

Бетон қимасының ауырлық орталығына қатысты арматура қимасының инерция моменті:

$$J_s = \mu \cdot b \cdot h_0 \cdot (0,5 \cdot h - a)^2 = 0,01 \cdot 40 \cdot 36 \cdot (0,5 \cdot 40 - 4)^2 = 0,037 \cdot 10^5 \text{ см}^4;$$

$$N_{cr} = \frac{6,43 \cdot 3,2 \cdot 10^4}{(2100)^2} \left[\frac{2,13 \cdot 10^9}{1,78} \left(\frac{0,11}{0,1 + 0,29} + 0,1 \right) + 6,25 \cdot 0,037 \cdot 10^9 \right] = 32120196,3 \text{ Н} = 32120,2 \text{ кН}$$

η коэффициентін анықтаймыз :

$$\eta = \frac{1}{1 - \frac{N}{N_{cr}}} = \frac{l}{l - \frac{4982,5}{32120,2}} = 1,19$$

мұндағы: N_{cr} – шартты қирау шегінің күші.

$$e = e_0 \eta + 0,5(h_0 - a) = 13,3 \cdot 1,19 + 0,5(360 - 40) = 175,87 \text{ мм}$$

Ұстынды есептеу үшін ең үлкен эксцентриситеті таңдаймыз: $e = 175,87 \text{ мм}$.

Бетонның қысылған аймағының шекаралық салыстырмалы:

$$\xi_R = \frac{\omega}{1 + \frac{\sigma_{SR}}{\sigma_{sc,u}} \left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)} \quad (2.10)$$

$$\xi_R = \frac{0,714}{1 + \frac{365}{400} \left(1 - \frac{0,714}{1,1}\right)} = 0,54$$

мұндағы: $\omega = 0,85 - 0,008R_b$

$$\omega = 0,85 - 0,008 \cdot 17 = 0,714$$

Коэффициенттердің мәнін есептейміз:

$$\alpha_n = \frac{N}{R_b b h_0} \quad (2.11)$$

$$\alpha_n = \frac{4982,5 \cdot 10^3}{17 \cdot 400 \cdot 360} = 1,3 > \xi_R = 0,54$$

$$\alpha_{m1} = \frac{Ne}{R_b b h_0^2} = \frac{4982,5 \cdot 10^3 \cdot 175,87}{17 \cdot 400 \cdot 360^2} = 0,97 > \xi_R = 0,54$$

мұндағы: $\delta' = a' / h_0 = 40 / 360 = 0,111$;

Анықтаймыз: α_s и ξ :

$$\alpha_s = \frac{\alpha_{m1} - \alpha_n \left(1 - \frac{\alpha_n}{2}\right)}{1 - \delta} \quad (2.12)$$

$$\alpha_s = \frac{0,97 - 1,3 \left(1 - \frac{1,3}{2}\right)}{1 - 0,111} = 0,58 > 0$$

$$\xi = \frac{\alpha_n (1 - \xi_R) + 2\alpha_s \xi_R}{1 - \xi_R + 2\alpha_s} \quad (2.13)$$

$$\xi = \frac{1,3(1 - 0,54) + 2 \cdot 0,58 \cdot 0,54}{1 - 0,54 + 2 \cdot 0,58} = 0,75 > \xi_R = 0,54$$

Сондықтан $\alpha_s > 0$ болғандықтан $A_s = A'_s$ конструктивті етіп қабылдаймыз:

$$A_s = A'_s = \frac{R_b b h_0}{R_s} \frac{\alpha_{m1} - \xi \left(1 - \frac{\xi}{2}\right)}{1 - \delta} \quad (2.14)$$

$$A_s = A'_s = \frac{15,3 \cdot 400 \cdot 360}{435} \frac{0,97 - 0,75 \left(1 - \frac{0,75}{2}\right)}{1 - 0,111} = 7,28 \text{ см}^2$$

Арматуны сортаментке байланысты таңдаймыз: $2\emptyset 22 \text{ A500c}$ $A_s = 7,6 \text{ см}^2$.

$$\mu = \frac{7,65 \cdot 2}{40 \cdot 36} = 0,01 > \mu = 0,01$$

Арматуралау көлемінің мәнін анықтаймыз μ :

$$\mu=(0,01+0,01)/2=0,01$$

мұндағы $A_s = A'_s$:

$$J_s = \mu \cdot b \cdot h_0 \cdot (0,5 \cdot h - a)^2 = 0,01 \cdot 40 \cdot 36 \cdot (0,5 \cdot 40 - 4)^2 = 0,037 \cdot 10^5 \text{ см}^4$$

$$N_{cr} = \frac{6,4 \cdot 3,2 \cdot 10^4}{(2100)^2} \left[\frac{2,13 \cdot 10^9}{1,78} \left(\frac{0,11}{0,1+0,29} + 0,1 \right) + 6,67 \cdot 0,037 \cdot 10^9 \right] = 32120196,3 \text{ Н} = 32120,2 \text{ кН}$$

$$\eta = \frac{1}{1 - \frac{N}{N_{cr}}} = \frac{1}{1 - \frac{4982,5}{32120,2}} = 1,19$$

$$e = e_0 \eta + 0,5(h_0 - a) = 13,3 \cdot 1,19 + 0,5(360 - 40) = 175,364 \text{ мм}$$

$$\alpha_n = \frac{4982,5 \cdot 10^3}{17 \cdot 400 \cdot 360} = 1,3 > \xi_R = 0,56$$

$$\alpha_{m1} = \frac{Ne}{R_b b h_0^2} = \frac{4982,5 \cdot 10^3 \cdot 175,364}{17 \cdot 400 \cdot 360^2} = 0,97 > \xi_R = 0,54$$

мұндағы: $\delta' = a' / h_0 = 40 / 360 = 0,111$;

$$\alpha_s = \frac{1,2 - 1,3 \left(1 - \frac{1,3}{2} \right)}{1 - 0,111} = 0,83 > 0$$

$$\xi = \frac{1,3(1 - 0,54) + 2 \cdot 0,83 \cdot 0,54}{1 - 0,54 + 2 \cdot 0,83} = 0,75 > \xi_R = 0,54$$

$$A_s = A'_s = \frac{15,3 \cdot 400 \cdot 360}{435} \cdot \frac{0,97 - 0,75 \left(1 - \frac{0,75}{2} \right)}{1 - 0,111} = 7,28 \text{ см}^2$$

Арматрунаны қабылдаймыз: 2Ø22 А500с $A_s = 7,6 \text{ см}^2$.

Ұстынды құрастырамыз :

Ұстын қимасындағы арматура 4Ø22 А500с $A_s = 15,2 \text{ см}^2$. Ұстынның қамыттараның арматура классы А240. Хомуттардың диаметрлері тоқылған қаңқалар кем дегенде 8 мм Қамыт диаметрі $d_w = 8 \text{ мм}$, ұстынның мм $l = 1,5 \cdot h_{col} = 1,5 \cdot 400 = 600 \text{ мм}$ осы аралығында адымдар араса 100 мм. Қалған аудандарында $s_w = 200 \text{ мм}$.

Лира САПР бағдарламасындағы барлық эюралы Қосымша 1 көрсетілген.

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі

3.1 Құрылыстық бас жоспарды жобалау

Өндірістегі бас жоба жұмысы өндіріс жобасының ең маңызды құжаты болып есептеледі. Ол тұрақты тұрғын үйлерден басқа құрылыстық-монтаждық жұмыстар және жобаланған уақытша ғимараттар орналасуы үшін қажет, жол, коммуникациялар, автокөліктер, қоймалық аумақтар орны көрсетілетін құрылыстық алаңның жобасы.

Құрылыстық бас жобаны жасау кезінде маңызды жұмыстар келесілер болып табылады:

- жер асты инженерлік коммуникациялар жүйесі және жобаланған ғимараттар, көрсетілген аумақтың бас жобасы;
- күнтізбелік жоспар мен жұмысшылардың қажеттілік құрамының графигі бар жүйелік сұлба;
- құрылыстық конструкциялар, өнімдер және материалдардың қажеттілік ведомесі;
- уақытша ғимараттар, құралдар-сайман мен қоймалардың өлшемдері және олардың көлемі;
- құрылыстық бас жобаны жобалау бойынша нормативтік белгілері.

Құрылыстық бас жобасы құрылыс алаңының шекарасы және оның қоршау түрі, бар және уақытша жерасты, жер үсті және ауалық жүйлер және коммуникациялары, құралдар және машиналардың қозғалысының сұлбасы, қозғалыс аймағы және олардың орын ауыстыруы көрсетілген құрылыстық жүк көтеру автокөліктерді орнықтыру тұрақты, орнықты салынып жатқан және уақытша үймереттердік орналасуы, қауіпті аймақтар, энергі жабдықтау орнының көзі және құралдары көрсетіліп жасалады. Құрылыстық бас жоспарды жобалау кезінде қабылданған шешімдерді негіздеу.

Құрылыс алаңының бас жобасында уақытша және тұрақты мекемелер көрсетіледі:

- 1) салынатын алаң;
- 2) уақытша технологиялық құрылғылар;
- 3) тұрмыс-басқармалық және өндірістіктегі уақытша ғимараттар;
- 4) кранның қауіпті аумағы және крандардың монтаждық қозғалыс аймағы, оның орын ауыстыру жолдары;
- 5) ашық және жобалық қоймалар;
- 6) электр жабдықтау жүйелері мен уақытша су жүйелерінің басқа жүйелерге қосылуын көрсететін коммуникациялар;
- 7) құрылыс алаңына келген материалдарды қабылдайтын орын;
- 8) алаңды жарықтандыру;
- 9) конструкцияға керекті материалдарды жинақтау орны;
- 10) өртке қарсы гидранттар мен щиттері.

Құрылыстық бас жобаның міндеті:

- 1) салынатын ғимарат алаңы құрылысқа керекті аумаққа ие болуы керек;

2) уақытша мекемелерді тасымалданбалы ғимараттармен немесе жиналмалы-құрастырмалы конструкциялардан тұрғызу қажет;

3) уақытша мекемелер құрылысқа арналмаған территорияда орналасады;

4) уақытша ғимараттарды алаңда тізбектеп жинақы етіп орналастыру қажет, кері жағдайда инженерлік коммуникацияны орнатуда қосымша шығындар алып келуі мүмкін;

5) құрылыс крандарының орналасуы, құрылыс-монтаждық жұмыстарын технологиялық пен жұмыс өндірісінің графигі бойынша орындалуын қадағалау қажет;

6) ашық қоймалар жолға жақын және кран жұмысының аймағында орналасуы қажет;

7) өндірістік құрылғылар ең көп қолданылатын аймақта орналасуы керек;

8) уақытша мекемелердің алаңда мейлінші аз болуы қажет.

Бастықтар отыратын ғимараттар 60 м кем емес жерде және олар шаң бөлетін тұрғын үйлерден алыста орналасуы керек. Оларға қатысты жел бағытында орналасуы қажет. Жұмысшылар орны мен салынатын алаң арасындағы қашықтық 150 м аспауы керек. Асхана бөлмесіне дейін қашықтық – 500м, уақытша ғимараттар арасы 3 м кем болмауы қажет.

Уақытша жолдардың ені: бір жолды қозғалыста -2,6м., екі жолды– 5,4 м. Уақытша жолда кіру, шығу, айналып өту, бұрылу бағыттары көрсетіледі. Жолдың бұрылу радиусы 7 м кем болмауы қажет. Жүк тасымалдау аймағын қоршау және оны қауіпті, штрихтармен бөлу керек.

3.2 Ғимараттың жер асты бөлігін тұрғызу

Өсімдік қабатын кесу, топырақты ауыстыру, дайындау, іргетастарды орнату мен ғимараттың жердегі әрлеу жұмыстарымен байланысты процестердің барлығын жер жұмыстары деп аталады.

Ғимарат жер жұмыстарын жүргізу процестерінің түрлері құрылыс алаңындағы топографиялық, геологиялық және климаттық жағдайларына тікелей байланысты. Геологиялық жағдайларға – топырақтың су деңгейі және топырақтың физико-механикалық құрамы кіреді. Топографиялыққа – жер рельефі жатады;

Топографиялық, геологиялық және климаттық жағдайлардан басқа қосымша дайындық жұмыстары, топырақ көлемін анықтау болып табылады.

Топырақты әзірлегенге дейін, негізгі жұмыстың бірі топырақты дайындау жұмыстары болып табылады. Оған аймақта жұмыс процестерін дайындау, жұмысты геодезиялық әрекеттермен қамтамасыз ету, жер асты жолдарының құрылғысын дайындау, жер бетін құрғату, суды бұрау және т.б. технологиялық жұмыстар жатады.

Аймақты дайындауға құрылыс алаңын қажет емес ғимараттар мен үймереттерден, шұңқыр мен үйінді негіздерінің бетінен өсімдік қабатын алып тастау, бұталар мен ағаштардан тазарту технологиялық процестер жатады.

Жерасты жұмыстарының өндірісі кезінде негізгі бақылау, топырақтың сынау көрсеткіштері мен гидрогеологиялықзерттеулер, тұрғызылатын тұрғын үй биіктігі мен жоба бойынша тұратын жерін анықтайтын техникалық құжаттарды тексеру, негізгі тағайындалған элементтерді орнына орнату жөніндегі актілері кіреді.

Жерасты жұмыстарына қажетті мәліметтер:

- 1) Топырақ тобы II;
 - 2) Сыртқы ауа температурасы:
 $t_{\text{БЫА}} = +23.8^{\circ}\text{C}$ – ең ыстық айдағы температура;
 $t_{\text{ЕСА}} = -8.6^{\circ}\text{C}$ – ең салқын айдағы температура;
 - 3) Топырақ түрі –ірі тасты.
 - 4) Қату тереңдігі – 1,2 м
 - 5) Іргетасты қою белгісі - 4,6 м;
 - 6) Топырақтың орташа тығыздығы $\rho_{\text{ср}}=1600 \text{ кг/м}^3$;
- Топырақ қопсытқыш көрсеткіштері:

- 1) алғашқы қопсытқыш коэффициенті

$$K_{\text{П.Р.}} = 1 + \frac{(16 + 20)}{2 \times 100} = 1 + 0,18 = 1,18;$$

- 2) қалған қопсытқыш коэффициенті

$$K_{\text{О.Р.}} = 1 + \frac{(5 + 8)}{2 \times 100} = 1 + 0,065 = 1,065 = 1,07;$$

Еңіс көрсеткіштері:

еңіс коэффициенті, $m=0,75$;

топырақ еңісінің коэффициенті, $\alpha=45^{\circ}$;

Жұмыс көлемін анықтау:

- 1) Тұрғын үй өлшемдері: $a = 23,5 \text{ м}$, $b = 59,8 \text{ м}$
- 2) Қазаншұңқыр табанының ені, $a=23,5 \text{ м}$;
- 3) Қазаншұңқыр табанының ұзындығы, $b=59,8 \text{ м}$;
- 4) Қазаншұңқырдың тереңдігі – $H = 3,5 \text{ м}$
- 5) Қазаншұңқыр бетінің ені, $c=66,5 \text{ м}$;
- 6) Қазаншұңқыр бетінің ұзындығы, $d=30,2 \text{ м}$;

Өсімдік қабатының кесу. Өсімдік қабатының кесу аумағын есептеу кезінде өсімдік қабатының барлық аумағы кесіледі. Топырақтың қатқабат болып жиналатындығын ескере жүру керек. Ғимараттың өсімдік қабатын бульдозермен кескен кезде, жұмыс көлемін аймақтың геометриялық пішіндерімен есептеуге болады және ол шаршы метрмен өлшенеді.

$$S_1 = (10 + c + 10)(10 + d + 10) = (10 + 66,5 + 10)(10 + 30,2 + 10) = 4342,3 \text{ м}^2;$$

Жерасты жұмыстарында қазаншұңқырдың көлемін есептеу барысында топырақты, тұрғын үйдің оське түсірілген жобасын, негіздің түрі мен өлшемдерін есепке алу керек. Жеке тұратын және плиталы іргетастарға арналған

ұрлар мен қазаншұңқырлардың еңіс табанымен іргетас арасында адам қызмет ететін 0,5 м-ге дейін ашық жер болуы керек. Қазаншұңқыр мен ұрлардың көлемін келесі формуламен анықталады:

Қазаншұңқыр көлемінің формуласы:

$$V_{\kappa} = \frac{H}{6} (A+C) \cdot (B+D) + (A \cdot B) + (C \cdot D) =$$

$$= \frac{3,5}{6} [(60,8+66,5)(24,5+30,2) + (60,8 \cdot 24,5) + (66,5 \cdot 30,2)] = 6625,43 \text{ м}^3$$

$$A = a + I_m = 59,8 + I_m = 60,8 \text{ м}$$

$$B = a + I_m = 23,5 + I_m = 24,5 \text{ м}$$

$$C = A + 2H \cdot m = 60,8 + 2 \cdot 3,5 \text{ м} \cdot 0,75 = 66,5 \text{ м}$$

$$D = B + 2H \cdot m = 24,5 + 2 \cdot 3,5 \text{ м} \cdot 0,75 = 30,2 \text{ м}$$

A - қазаншұңқырдың табаны бойынша ұзындығы

B - қазаншұңқырдың табаны бойынша ені

C - қазаншұңқырдың төбесі бойынша ұзындығы

D - қазаншұңқырдың төбесі бойынша ені

m=0,75- топырақтың құлама коэффициенті.

Толмаған топырақтың көлемін анықтау. Қазаншұңқыр мен ұрлардың көлемі үлкен болған кезде толмаған топырақты арнайы тетікті механизмдермен (грейдер, бульдозер) өңдеу керек. Толмаған топырақтың қалыңдығын жер қазатын автокөліктердің түрімен ожаулардың көлеміне байланысты тағайындалады. Қазаншұңқырдың тегістейтін топырақ көлемін мына формуламен анықтаймыз:

$$V_{\text{Подг.}} = F_H \times \Delta h = 1489,6 \times 0,2 = 297,92 \text{ м}^3 ;$$

мұндағы: F_H – қазаншұңқыр табанының ауданы;

Δh - аймақты кесу тереңдігі ($\Delta h=0,2$ м);

Тұрғын үй жертөлесінің қазандығының қуысындағы топырақты қайта көміп толтыру келесі формуламен анықтаймыз:

$$V_{\text{О.з.}} = \frac{V_{\kappa} - V_{\text{жс}}}{K_{\text{О.р.}}} = \frac{6625,43 - 5340,14}{1,07} = 1235,8 \text{ м}^3 ;$$

мұндағы:

$$V_{\text{жс}} = a \cdot b \cdot H = 23,5 \cdot 59,8 \cdot 3,5 = 5340,14 \text{ м}^3$$

$H_{\text{жертөле}} = 3,5 \text{ м};$

$K_{\text{О.р.}}$ - 1,07 топырақ қопсытқыш көрсеткіші

Жертөле айналасын, еден мен құлама, жабдық, кіреберіс жолдарға, іргетасқа негіз болатын, қайта толтыратын қажетті топырақтың барлығы тығыз болуы керек. Тығыздалған және төгілетін топырақ қабаттардың қалыңдығын анықтау барысында, топырақты тығыздағыш құралдарын БНЖБ бойынша пайдаланамыз. Тығыздалу көлемін анықтау негізінен тығыздалу аумағына байланысты өлшенеді. Оны тығыздалған топырақ қабытының орташа мәнін қою арқылы табамыз:

$$F_{y_{пл.}} = \frac{V_{o.з.}}{h_{y_{пл.}}} = \frac{1235,8}{0,2} = 6179 мЗ;$$

мұндағы: $V_{o.з.}$ – қайта толтыру көлемі;

$h_{y_{пл.}}$ - тығыздалған қабаттың қалыңдығы;

Үйіндіге аударылатын топырақтың көлемін анықтау

$$V_{үйін} = V_{қ.қ} = 1235,8 м^3$$

Автакөлікке аударылатын артық топырақтың көлемін келесі формуламен анықтаймыз:

$$V_{и.г.} = V_K - V_{o.з.} = 6625,43 - 1235,8 = 5389,63 м^3;$$

мұндағы: V_K – қазандық көлемі;

$V_{o.з.}$ – қайта толтыруға қажет топырақтың көлемі;

Жерасты жұмыстарының кешенді-тетікті әдістерін анықтау. Кешенді-тетіктеу барысында процестер өзара толықтырып тұратын, бір-бірімен маңызды көрсеткіштеріне қарай орналасқан және технологиялық желімен байланысқан автокөліктер жиынтығының көмегімен іске асырылады. Қазаншұңқырды қазу барысында топырақты ауыстыру және дайындау, эксковаторлармен бірге автосамосвалдар, бульдозерлерді пайдалану арқылы орындалады.

Жер жұмыстарын жүргізу бойынша құрылыс машиналарын таңдау.

Жерасты жұмыстарының технологиясының барысында кешенді-тетікті процестер тәсілдерін таңдау, әртүрлі автокөліктерді жиынтығының техника-экономикалық жақтарын салыстыру негізінде анықталады. Салыстыру үшін бірнеше автокөліктерді таңдап алу қажет.

Көлік жабдықтарын таңдау:

Негізгі құрылыс машинасы ретінде қазаншұңқырды қазу үшін бірожаулы кері күректі экскаваторды қолданамыз:

$$V_K = 6625,43 м^3$$

Қазаншұңқыр көлеміне байланысты келесі шөміштің сыйымдылығын таңдаймыз.

$$V_{ож} = 0,65 м^3$$

Кесте 3.1 – Экскаватордың 100 м³ топыраққа норма уақыты мен бағасы

1-нұсқа	$N_1=3,5$ (3,5) 3,71	$N_2=2,8$ (2,8) 2,97
2-нұсқа	$N_1=3,2$ (3,2) 3,39	$N_2=2,8$ (2,8) 2,97

1 нұсқа – механикалық жетекпен- Hitachi zx 200 ожаудың сыйымдылығы 0,65м³;

КАМАЗ-5510 самосвалы, жүкті көтеру көлемі 7 т.

2 нұсқа – гидравликалық жетекпен-CaseWX240 ожаудың сыйымдылығы 0,65м³;

КАМАЗ-5511 самосвалы, жүкті көтеру көлемі 10т.

БНЖБ бойынша таңдалған экскаватор ожауларының сыйымдылығына байланысты 2 түрлі экскаваторлардың техника-экономикалық жақтарын салыстырамыз.

Экскаватордың жұмыс істеу ауысымдарының санын анықтаймыз

$$1) \sum P_{\text{машауыс}} = \frac{\frac{V}{100} \cdot N_1 + \frac{V_{\text{авт.ср}}}{100} \cdot N_2}{8,2} = \frac{\frac{1235,8}{100} \cdot 2,8 + \frac{5389,63}{100} \cdot 3,5}{8,2} = 27,2$$

$$2) \sum P_{\text{машауыс}} = \frac{\frac{V}{100} \cdot N_1 + \frac{V_{\text{авт.ср}}}{100} \cdot N_2}{8,2} = \frac{\frac{1235,8}{100} \cdot 2,8 + \frac{5389,63}{100} \cdot 3,2}{8,2} = 25,3$$

Экскаватордың ауысымындағы жұмыс істеу өнімділігін анықтау

$$1) P_{\text{ауысон}} = \frac{V_k}{\sum P_{\text{машауыс}}} = \frac{6625,43}{27,2} = 243,5 \text{ м}^3/\text{ауысым}$$

$$2) P_{\text{ауысон}} = \frac{V_k}{\sum P_{\text{машауыс}}} = \frac{6625,43}{25,3} = 261,87 \text{ м}^3/\text{ауысым}$$

ТЭЖ-ді салыстыру кезінде экономикалық тиімділігіне байланысты *Hitachi zx 200* қабылдаймыз.

1м³ топырақты экскаватормен өңдеу бағасын анықтаймыз.

$$C = 1,08 \cdot C_{\text{машина ауыс}} / P_{\text{ауыс.өнім}};$$

Механикалық жетек: $C_{\text{машина ауыс}} (\text{Э} - 652) = 28,3$

$$C = 1,08 \cdot C_{\text{машина ауыс}} / P_{\text{ауыс.өнім}} = 1,08 \cdot 28,3 / 243,5 = 0,1255$$

Гидравликалық жетек: $C_{\text{машина ауыс}} (\text{ЭО-4121А}) = 33,62$

$$C = 1,08 \cdot C_{\text{машина ауыс}} / P_{\text{ауыс.өнім}} = 1,08 \cdot 33,62 / 261,87 = 0,1387$$

Техника-экономикалық жақтарын салыстыру нәтижесінде, экскаватордың келесі маркасы экономикалық тиімді болып шықты:

механикалық жетек *Hitachi zx 200* қабылдаймыз. $V_{\text{ожау}} = 0,65$

Қазанишұңқырды қазу бойынша топырақты тасымалдайтын жүк көтергіш самосвалдарды таңдау:

Топырақты көлікке тиейтін бір ожауы бар экскаватордың еңбек сыйымдылығы келесі формуламен анықтаймыз:

$$1) T_{\text{маш.см.}} = \frac{H_{\text{вр.}} \cdot x V_{\text{и.г.}}}{100 \cdot x 8,2} = \frac{2,9 \cdot 6625,43}{100 \cdot x 8,2} = 23 \text{ маш.см.}$$

$$2) T_{\text{маш.см.}} = \frac{H_{\text{вр.}} \cdot x V_{\text{и.г.}}}{100 \cdot x 8,2} = \frac{2,9 \cdot 6625,43}{100 \cdot x 8,2} = 23 \text{ маш.см.}$$

мұндағы: $T_{\text{маш.см.}}$ - топырақты дайындаудың еңбек сыйымдылығы;

$H_{\text{вр.}}$ - машина жұмысының көлем бірлігін дайындау уақытының мөлшері;

100 және 8,2 – ауысымдағы сағат саны және соған сәйкес көлем бірлігі;

Экскаватор арқылы автосамосвалдардың қажетті санын анықтаймыз :

1) Эскаватор ожауындағы топырақтың көлемін анықтаймыз.

$$V_{\text{мон}} = \frac{V_{\text{ожау}} \cdot k_{\text{мон}}}{k_{\text{коп}}} = \frac{0,65 \cdot 1}{0,2} = 3,25 \text{ м}^3$$

мұндағы: $k_{\text{топ}}$ - ожаудың толтыру коэффициенті - 1

$k_{\text{коп}}$ - топырақтың қопсыту коэффициенті - 0,2

Саздақ = 20%

2) Эскаватордың бір ожауындағы топырақ салмағын анықтаймыз:

$$Q = V_{\text{мон}} \cdot \gamma = 3,25 \cdot 1,7 = 5,53 \text{ т}$$

мұндағы: γ - топырақтың тығыздығы; Саздақ-1,7

Автосамосвалдарға аударылатын ожау саны:

$$1) n_k = 7/q_k = 7/5,53 = 1,26 \text{ дана};$$

$$2) n_k = 10/q_k = 10/5,53 = 1,8 \text{ дана};$$

мұндағы: q_k - бір ожаудағы топырақтың салмағы;

7–10 т – самосвалдардың жүкті көтеретін салмағы;

3) Автосамосвалдарға аударылатын топырақ көлемін анықтаймыз:

$$1) V_{\text{оэс}} = V_{\text{мон}} \cdot n = 3,25 \cdot 1,26 = 4,1 \text{ м}^3$$

$$2) V_{\text{оэс}} = V_{\text{мон}} \cdot n = 3,25 \cdot 1,8 = 5,9 \text{ м}^3$$

мұндағы: $V_{\text{топ}}$ - бір ожаудағы топырақ көлемі;

n – ожау саны;

4) Топырақты тасымалдау ұзақтығы және жүктемесі мына формуламен анықталады:

$$1) t_1 = 2L/V = 2 \cdot 5/45 = 0,22 \text{ сағат};$$

$$2) t_1 = 2L/V = 2 \cdot 5/45 = 0,22 \text{ сағат};$$

мұндағы: L - топырақты тасымалдау арақашықтығы : 5 км

V - автосамосвалдардың жүктелген күйініндегі жылдамдығы: $V = 45 \text{ км/сағ}$

5) Жүкті түсіру мен қосымша бұлтарыс операциялар уақыты:

$$1) t_2 = t_m + t_n = 0,050 \text{ сағат};$$

$$2) t_2 = t_m + t_n = 0,050 \text{ сағат};$$

мұндағы: t_t - жүкті түсіру уақыты - 0,016 сағат

t_m - қосымша операциялар уақыты – 0,034 сағат

6) Эскаватормен автосамосвалға топырақты тиеу уақыты, бір ожау тиеу уақытымен анықтаймыз:

$$1) t_n = \frac{V_{\text{оэс}} \cdot N_{\text{вп}}}{3600} = \frac{4,1 \cdot 3,5 \cdot 60}{100} = 0,143 \text{ сағат}$$

$$2) t_n = \frac{V_{\text{оэс}} \cdot N_{\text{вп}}}{3600} = \frac{5,9 \cdot 3,5 \cdot 60}{100} = 0,21 \text{ сағат}$$

мұндағы: $V_{\text{оэс}}$ - автосамосвалға аударылатын топырақ көлемі;

$N_{\text{в}} = N_1 - 100 \text{ м}^3$ топырақтың уақыт және баға нормасы.

7) Автосамосвалдардың толық 1 циклінің жұмыс істеу ұзақтығын келесі формуламен анықтаймыз:

$$1) t_{\text{ц}} = t_1 + t_2 + t_n = 0,22 + 0,050 + 0,14 = 0,41 \text{ сағат};$$

$$2) t_{\text{ц}} = t_1 + t_2 + t_n = 0,22 + 0,050 + 0,21 = 0,48 \text{ сағат};$$

8) Автосамосвалдың қажетті санын келесі формуламен анықтаймыз:

$$1) N = t_{\text{ц}}/t_n = 0,41 / 0,143 = 2,8 = 3 \text{ маш.};$$

$$2) N = t_{\text{ц}} / t_{\text{np}} = 0,48 / 0,21 = 2,3 = 2 \text{ маш.};$$

мұндағы: $t_{\text{ц}}$ - автосамосвалдардың 1 цикл уақыты;

$t_{\text{погр}}$ - автосамосвалға топырақты тиеу уақыты;

9) Топырақты тасымалдау еңбек сыйымдылығы

$$1) T_{\text{маш.см.}}^I = T_{\text{маш.см.}} \cdot N = 23 \cdot 3 = 69 \text{ маш.см.};$$

$$2) T_{\text{маш.см.}}^{II} = T_{\text{маш.см.}} \cdot N = 23 \cdot 2 = 46 \text{ маш.см.};$$

мұндағы: $T_{\text{маш.см.}}$ - бір ожауы бар экскаватор еңбек сыйымдылығы;

N – автосамосвалдар саны;

Топырақты тасымалдайтын автосамосвалдар:

10) Өнім бірлігі бойынша өзіндік құнын келесі формуламен анықтаймыз:

КАМАЗ-5510

$$1) C_{\text{ед.}} = \frac{\sum C_{\text{мех.}} \cdot T_{\text{маш.см.}}^I}{V} = \frac{(38,1 + 26,4) \cdot 69}{6625,43} = 0,67;$$

КАМАЗ-5511

$$2) C_{\text{ед.}} = \frac{\sum C_{\text{мех.}} \cdot T_{\text{маш.см.}}^{II}}{V} = \frac{(33,62 + 35,4) \cdot 46}{6625,43} = 0,479;$$

мұндағы: $T_{\text{м.см.}}$ - автосамосвалдардың еңбек шығыны;

$C_{\text{мех.}}$ - автосамосвал ауысымдарының өндірістік өзіндік құны; (анықтама ретінде қабылдаймыз);

11) Іргелі үлестік салым көлемі

$$1) K_{\text{у.к.в.}} = \frac{\sum \frac{Ц_{\text{м.}}}{T_{\text{г}}} \cdot T_{\text{маш.см.}}^I}{V} = \frac{\frac{14000}{375} \cdot 69}{6625,43} = 0,388;$$

$$2) K_{\text{у.к.в.}} = \frac{\sum \frac{Ц_{\text{м.}}}{T_{\text{г}}} \cdot T_{\text{маш.см.}}^{II}}{V} = \frac{\frac{24000}{375} \cdot 46}{6625,43} = 0,444;$$

мұндағы: $Ц_{\text{м}}$ – автосамосвал инвентарлы-есеп айырысу құны

$T_{\text{г}}$ – әрбір машина үшін бір жылдағы ауысымның мөлшерлік саны (анықтама ретінде қабылдаймыз);

12) Үлестік шығындар көлемі

$$1) C_{\text{у.з.}} = C_{\text{ед.}} + E \cdot K_{\text{у.к.в.}} = 0,67 + 0,12 \cdot 0,388 = 0,72;$$

$$2) C_{\text{у.з.}} = C_{\text{ед.}} + E \cdot K_{\text{у.к.в.}} = 0,479 + 0,12 \cdot 0,444 = 0,53;$$

$0,74 > 0,54$ Техника-экономикалық жақтарын салыстырып 2 нұсқаны қабылдаймыз, яғни, ожаудың сыйымдылығы $0,65 \text{ м}^3$ Hitachi zx 200 экскаваторы және жүкті көтеру салмағы 10 т. КАМАЗ 5511 автосамосвалы таңдаймыз.

Жалпы аумағы $4342,3 \text{ м}^2$ болған жер жұмыстарындағы өсімдік қабаттын кесу, топырақты тегістеу және топырақты қайта көму үшін самосвал және экскаватормен бірге Cat D6R бульдозер механизмін қабылдаймыз. Тұрғын үй топырағын тығыздау үшін, өздігінен жүретін CS-76 ХТ дірілкатогын пайдаланамыз.

Жер жұмыстары өндірісінің технологиялық жүйесін әзірлеу кезінде, жерді қазатын автокөліктердің жұмысты орындауына, ұйымдастырылуна аса зор назар аудару керек. Автокөліктердің жұмыс орны, қазаншұңқырдың барлық аумағына сай орналастырылады. Қазаншұңқырды бөлген кезде алғашқы өтіс тіке болады, қалғандары жанынан қазылады.

Экскаватордың көрсеткіштеріне және қазаншұңқырдың көлемдеріне байланысты қазаншұңқырды дайындауды ені бойынша бір немесе бірнеше өтіс, тереңдігі бойынша бір және бірнеше ярус жүргізеді.

Топырақты өңдеу кезіндегі экскаватор өтісінің технологиялық сұлбасын құрамыз.

Қазаншұңқырдың ені: $D=30,2\text{ м}$

Экскаватордың қазаншұңқырды кесудегі ең үлкен радиус, БНЖБ2 бойынша қабылдаймыз- $R_{CT}=9,2\text{ м}$; Қазаншұңқыр қазылу бойынша экскаватордың өтіс схемасын анықтаймыз:

$$C/R_{max}=30,2/9,2=3,2>3\text{ м}$$

Маңдайша өтіс

Топырақты автокөліктерге және бір уйіндіге тиеу кезіндегі алғашқы өтістің ең үлкен енін келесі формуламен анықтаймыз:

$$B_e = b_1 + b_2 = \sqrt{R_{CT}^2 - l_n^2} + (R_{bT} - \frac{b_k}{2} - 1); \quad (3.1)$$

мұндағы: l_n – экскаватордың орнынан қозғалу ұзақтығы, анықтама ретінде қабылдаймыз. $l_n=1,6\text{ м}$;

R_{bT} – топырақты автосамосвалдарға тиеу радиусы, БНЖБ2 бойынша қабылдаймыз. $R_{bT}=5\text{ м}$;

b_k – КАМАЗ-5511 жүк бөлімінің ені, анықтама ретінде қабылдаймыз. $b_k=2,5\text{ м}$;

$$B_e = \sqrt{9,2^2 - 1,6^2} - (5 - \frac{2,5}{2} - 1) = 9,05\text{ м};$$

Бірінші маңдайша өтістің енін анықтаймыз:

$$B_H = B_e - 2mH = 9,05 - 2 \cdot 0,75 \cdot 3,8 = 3,35\text{ м};$$

Екінші және одан да кейінгі маңдайша өтістің енін келесі формуламен анықтаймыз:

$$B = b_3 + b_4 = (R_{bT} - mH - \frac{b_k}{2} - 1) + \sqrt{R_H^2 - l_n^2}; \quad (3.2)$$

мұндағы: R_H – қазаншұңқыр тереңдігі үлкен болған жағдайда түбкі жағынан кесу радиусы;

$R_H = X + d$ сызбасына сәйкес;

$$X = \sqrt{a^2 - (H_k + h_{ш})^2}; \quad (3.3)$$

мұндағы: H_k – қазаншұңқырдың тереңдігі;

$h_{ш}$ – экскаватордың бағыттамасының оське дейінгі биіктік өлшемі, анықтама ретінде қабылдаймыз. $h_{ш}=1,6\text{ м}$;

$$a = \sqrt{(R_{CT} - d)^2 - h_u^2} = \sqrt{(9,2 - 1)^2 - 1,6^2} = 8,04 м;$$

$$X = \sqrt{8,04^2 - (3,8 + 1,6)^2} = 5,96 м;$$

$$R_n = 5,96 + 1 = 6,96 м;$$

$$B = (5 - 0,75 \cdot 3,8 - \frac{2,5}{2} - 1) + \sqrt{6,96^2 - 1,6^2} = 6,67 м;$$

Жабдықтарды құратын жинақтау қранын таңдау.

Тұрғын үйдің жерасты бөлігіндегі тұтас құймалы темірбетон жұмыс үрдісін жебелі кранмен салып орнатамыз. Оның маркасын келесі техникалық көрсеткіштер арқылы анықтаймыз:

1) Кранның жүк көтергіштігі:

$$Q = m_{max} = 1,7 т$$

2) Кран ілмегінің құлаш ұзындығы:

$$L_{кр} = \frac{B}{2} + l + k + 1 + b + \frac{b}{2}$$

мұндағы: B=4 м -қазаншұңқыр құламасынан кранға дейінгі арақашықтықты , топырақ түрі мен қазаншұңқыр тереңдігіне байланысты таңдаймыз.

$$k = H \cdot m = 3,8 \cdot 0,75 = 2,855$$

$$L_{кр} = \frac{4}{2} + 2,855 + 1 + 23,5 + \frac{23,5}{2} = 41,775 м$$

3) Шыққан ұзындыққа байланысты кран маркасын таңдаймыз.

Іргетастың қалыбын орнатуда және арматураны жеткізіп беруге автокран XCMG QY50K пайдаланамыз (жүк көтергіштігі $Q_{max}=50т$, жебе ұзындығы $l_{кр}=56 м$. ілгекті көтеру биіктігі 30 м).

Бетон қоспасын қалау орнына C296 бетонсорғышы алып береді.

Кесте 3.2 – Есеп барысында таңдалған автокөліктер атауы

Атауы	Маркасы, техникалық мінездеме	Саны	Атқаратын қызметі
1	2	3	4
Бульдозер	Cat D6R	1	1. Өсімдің қабатын кесу. 2. Қазаншұңқыр түбін тазалау. 3. Топырақты қайта көму.
Экскаватор	Hitachi zx 200	1	Топырақты өңдеу.
Автосамосвал	КАМАЗ 5511	2	Артық топырақты тасу.
Дірілкаток	CS-76 XT	1	Топырақты нығыздау.
Автокран	XCMG QY50K	1	Қалыпты және арматураны, алып беру.
Бетонсорғыш	Sany SYG5310 ТНВ-43V	1	Бетонды тоселетін жеріне жеткізіп беру.

3.3 Қабылданатын жұмысқа және сапаға қойлатын талаптар

Жер жұмыстарын геотехникалық, геодезиялық және геологиялық процестерді бақылау арқылы жүргізеді.

Жерасты жұмыстарын өткізу барысы – қабылдаудан, технологиялық ережелерді тексеруден; жасалған жұмыс сапасы мен тұрғын үйдің жерасты бөлігінің геометриялық өлшемдерін тексердену; көрінбейтін жұмыстардың актілерін қабылдауда негізінде орындалады.

Жер жұмыстарының құрылымы негізіндегі қызметтердің орындалу сапасын тексеру, жер ғимараттарың түрлері мен тағайындалуы бойынша табылады. Ол құрылым бойынша үш дәрежеде орындалады: бастапқы (кіріс мерзімі), бастапқы жұмыс барысында (қызмет бойынша) және қабылдап өткізу мерзімі (соңғы) .

Қызмет бойынша бақылау, жұмыс барысының жобасымен толық ұқсастырылған да жүргізіледі.

Қазаншұңқыр мен қазандықтарды қазып жатқан уақытта, ғимарат элементтерінің орналасу аймағы мен инженерлік жүйелерді есептеген кезде олардың геометриялық өлшемдерін, қазаншұңқыр ені мен солардың орналасқан бағытын, құлама еңістігін, қабырғаларды орнату әдістері, топырақты нығыздау және әлсіз болған жағдайда, оны қосымша қабатпен қамтамасыз ету т.б шаралар қарастырылады.

Өсімдік қабатынан жиналған үйінді топырақын қайта көму кезінде, төгілетін үйіндіге топырақтың түрі мен ылғалдылығы, үйіндіге төгілетін топырақтың гидрогеодезиялық жағдайы, үйіндіе топырақ қабатының бірқалыпты төгілуі, үйіндідегі топырақ тығыздығының өзгеру, топырақ қабатының рұқсат берілген қалыңдығы мен топырақты тығыздау әдісі, төгілетін топырақ ылғалдығын кептіріп, оптимальды ылғалдылыққа дейінгі мәні, әрбір қабат шегінде берілген топырақтан алынған тығыздықтың белгіленуі, қайта төгілетін топырақ құрамындағы шекті мәніне ие тастарға рұқсат етілетінін және т.б жұмыстар бақыланады.

Соңғы тексеру барысында, ереже бойынша технологиялық құжаттың жасалуын тексеруді ұйымдастырады. Жұмысты бастаған кезде техникалық құжат құрылымы келесілерді қамтиды: жер жұмыстарының геологиялық бөлу құжаттары; реперлердің тұрақты ведомствалары; жер жұмыстарын геодезиялық бөлу актілері; жұмыс өндірісі процесінде енгізілген және жобалық ұжымы мен тапсырушы өзгертуімен келісілген, тұрғын үй жұмыстық сұлбалары; жұмыс журналдары; жасырын жұмыстардың актілері мен көрінбейтін жұмысты қабылдау журналы.

Технико - экономикалық көрсеткіштерді анықтау.

Құрылыс мерзімінің ұзақтылығы технико - экономикалық көрсеткіштерінің негізі болып есептеледі. Жалпы жұмыс жасау ұзақтылығы 6 күнге тең.

Еңбек сыйымдылығы -190 адам/күн

Өзіндік құны – 0,22 ш.б.

3.4 Күнтізбелік жоспарлау

Жұмыс технологиясының күнтізбелік жоспары сызықтық кесте арқылы жасалады. Әр жұмыс өндірісі кестеде сызық арқылы орындалады, ол жерге берілген жұмыс процестерін жасап жүрген адам санын көрсету қажет.

Жеке процес түрлерінің жасалу уақытын күнтізбелік жоспарда жөнсіз қоюға болмайды, себебі оларды қатаң технологиялық жүйе талаптарына сай етіп бекітеміз.

Барлық процесстердің басталуы мен біту уақыттарын бір - бірімен ұштастырып қою керек.

Ғимарат жұмыстары күнтізбелік жоспарда әртүрлі іс-әрекеттердің кезекті орындалу уақыты мен олардың өзара технологиялық байланыстарын көрсетеді. Күнтізбелік жоспарда жобаланған құжат бойынша белгіленген жұмыстардың көлемдері айқындалады. Бұл процес кезінде өндіру нормасына қайта толтыру есебімен жүретін автокөліктердің жүктелуін максималдық шамаларын қарап шығу керек.

Жұмыстардың техникалық өзара байланысы, олардың кезекті дұрыс орындалуы таңдалған монтаж тәсіліне сай етіп анықталады.

Құрылыс жұмыстарын тездету үшін жұмыс екі-үш ауысымда жүргізіледі. Негізгі автокөліктер жұмысы кем дегенде екі ауысымда қызмет жасауы тиіс.

Күнтізбелік жоспарды жасау үшін келесі негізгі мағлұматтар керек:

- 1) Еңбек шығыны мен автокөлік уақытыны шығынының негізгі калькуляциясы;
- 2) Жұмыс технологиясының қабылданған тәсілі;
- 3) Күнтізбелік жоспардың кестесіне жататын жұмыс түрлері.

Құрылыс алаңында өндіріліп жатқан және конструкцияны үлкейтіп жинақтау, жұмыс номенклатурасына кіреді. Дайындық жұмыстары бұл номенклатураға жатпайды.

Күнтізбелік жоспардың мақсаты, жұмысшылардың және іркіліссіз жұмыстармен қамтамасыздандыру талаптарына сай болуы тиіс. Ол үшін жұмыс қозғалысының уақытын кестеге құрады. Бұл кесте жұмыс барысының күнтізбелік жоспар бойынша қабылданған уақыт көлемі сай етіп құрылады. Күнтізбелік жоспар кестедесіндегі жұмыстардың орындалу уақытын көрсететін қатарда, күнде берілетін әртүрлі жұмыс түрін істейтін жұмысшылар саны жазылады. Жұмысшылар саны тік бағана бойынша бір-біріне қосылып, осы күні істейтін жұмысшылар саны менәр күні жасайтын жұмысшылар санының арифметикалық қосындысы.

Күнде жұмыс істейтін белгілі бір мамандықтағы жұмысшылар санын мүмкіндігінше тұрақты етіп сақтау қажет. Мамандандырылған жұмысшылар санын жұмыс күшінің қозғалысынан 10-15% ауытқуға рұқсат беріледі. Егер де жұмысшылардың ауытқу шектен тыс көп болса, онда күнтізбелік жоспарға нормальді технологиялық жүйедегі жұмыстарды өзгертпей, басталу мен аяқталу уақыттарын өзгерту жолымен түзетулер жасау керек. Техникалық және материалдық қорлардағы қажеттіліктерді анықтау. Бұл кестеде жерасты

жұмыстарының өндірістік тізімі, сондай-ақ қолданатын материалдардың, құрылғылардың және конструкцияларды жинақтау процесстерін орындау үшін, еңбек шығынының калькуляциясы мен машина уақытының қажеттілігінің мәліметтері көрсетілген.

Еңбек және уақыт шығындарыны кесте 3.3 келтірілген

Кесте 3.3 – Еңбек шығыны мен уақытының калькуляциясы

Негізі БНЖБ	Жұмыс атаулары	Өлшем бірлік.	Жұмыс көлемі	Уақыт нор. адам/ сағ.	Бар. жұм. көл. еңбек шығ.
Е 2-1-37	Өсімдік қабатын кесу	1000 м ²	4,3	1,8	0,94
Е 2-1-37	3-ші топты топырақты түсіру және автосамосвалға тиеу	100 м ³	53,4	3,5	22,79
Е 2-1-37	3-ші топты топырақты үйіндіге төгу	100 м ³	12,35	2,8	4,2
Е 2-1-37	Бульдозермен қазаншұңқыр түбін тазалау	1000 м ²	1,5	0,78	0,114
Е 4-1-37	Іргетас қалыбын орнату	м ²	249,9	0,21	6,4
Е 4-1-37	Жертөле қабырғасының қалыбын орнату	м ²	756,2	0,22	20,2
Е 4-1-37	Іргетас қалыбын шешу	м ²	249,9	0,21	6,4
Е 4-1-37	Жертөле қабырғасының қалыбын шешу	м ²	756,2	0,22	20,2
Е 4-1-46	Іргетас арматурасын орнату және тоқу	т	39,5	12	57,8

Кесте 3.3 – жалғасы

Е 4-1-46	Жертөле қабырға арматурасын жеке сырықтармен орнату және тоқу	т	14,2	12	20,8
Е-4-1-56	Іргетас асты тегістейтін қабат дайындау	м ³	118	-	-
Е 4-1-48	Бетонсорғышпен іргетасқа бетон ерітіндісін беру	100 м ³	21,1	27	69
Е 4-1-48	Бетонсорғышпен жертөле қабырғасына бетон ерітіндісін беру	100 м ³	4,76	27	16
Е 4-1-48	Бетон жұмыстарын жүргізуде құрылыстарды ажырату және қосу	100 м ³	25,86	0,17	0,6
Е 2-1-34	Іргетастың қойнауын топырақпен қайта толтыру	100 м ³	12,35	0,49	0,7
Е 2-1-31	Дірілкатокпен топырақты тығыздау	1000 м ²	6,179	0,68	0,512

Құрылыстағы жерасты монтаждық жұмыстар есебі. Жерастын монтаждаушы машиналар паркі бар тұрғын үйдің тұтас құймалы конструкция қаңқаларын монтаждау әдісін, жерасты монтаждық жұмыстардың көлеміне, жерасты монтаждау уақытына, көлемдік жоспарлық шешіміне тікелей байланысты.

Жерастындағы жұмастырдың монтаждық алаң ретінде тұрғын үй жоспарындағы ең аз бөлігін қабылдау керек, себебі ол жерде тіршілік қауіпсіздігінің нұсқауларын және қажетті технологиялық талаптарын сақтай отырып, конструкция қаңқаларын монтаждау үздіксізділігін қамтамасыз ету керек.

Жерасты жұмыстарының күнтізбелік жоспарды есептеу кестесі
Қосымша 2 көрсетілген.

4. Құрылыс экономикалық бөлімі

4.1 Түсініктемелік жазба

Тұрғын үйдің сметалық құжаттары ҚР ҚНЖЕ А2. 2-1-2001 мекемелерді, ғимараттар мен имараттарды, тұрғын үйлер құрылысының жобалық смета құжаттамалар құрамы және жасау реті, өндіру, келісу, бекіту тәртібінің нұсқауларына сәйкес орындалған. Объектінің базистік сметалық құнын 2001 жылғы бағамен (Ф2018) коэффициентін қолданған. Сметалық құжат ҚР ҚНЖЕ 8.02-02-2002 «Қазақстан Республикасында құрылыстың сметалық құнын анықтау тәртібі» және Жамбыл Облысының өнеркәсіптің азаматтық құрылыс аймағына арналған жергілікті бұйымдарға, материалдар мен конструкциялардың республикалық сметалық бағалар жинағында есептелген.

2001 жылғы бағадан 2019 жылғы бағаға ауысу заңнамалық бюджетте карастырылған, АЕК2018:МРП2001 немесе 2525:775 аудару коэффициентін пайдаланып айлық көрсеткіш индексі арқылы есептелінген.

Сметалық құжаттар ABC-4 (2019 редакциясы) бағдарламалық кешенінде 12 аумақтық ауданға байланысты жобалық материалдар негізінде өндірілді.

Ғимараттың сметалық құнын анықтау, тұрғын үйді аяқтауға керекті қаржының мөлшерін осы жылғы бағамен есептелінді.

Сметалық есептеуге қолданған құжаттар құрамы:

- 1) Жерасты жұмыстарына жергілікті смета
- 2) Іргетасты тұрғызу жұмыстарына жергілікті смета
- 3) Құрылыс жұмыстарының сметалық нормалары және бағалану жинағы
- 4) Құрылыс материалдары, құрылымдарының сметалық НЖБ жинағы жергілікті аумақтың ауданына байланысты есептелінді.
- 5) Тұрғын үйдің жерасты жұмыстарының құны машиналар, дайындау, жинақтау шығындардың ескерілуімен зауыттардың прайс–парақтарына байланысты алынады.
- 6) Объектілік сметсын есептеу
- 7) Жинақ-сметалық есептеу
- 8) Құрылыс құнының жинақ-сметалық есебі

Сметалық құжаттарды жасау барысында қабылданғандар:

- Территориялық ауданы – 10.2
- ҚР МТРЖ 8.02-09-2002 п. 37 сәйкес уақытша ғимараттар мен үймерет шығыны 3.4 % мөлшерінде.
- ҚР МТРЖ 8.02.07-2002 р.8 п 1г қыс мезгілінде жүргізілетін жұмыстар шығыны 0,7 % мөлшерінде.
- Салықтар, жинақтар6 міндетті төлемдер – 2%
- Қосымша құн салығы (ҚҚС) – 12%
- Айлық есептік көрсеткіш – 2 525 тенге

Үстеме шығындар ҚР ҚН 8.02.02-2002 бойынша жұмыс түріне байланысты: 2019 ж. мәліметтер бойынша жалпы сметалық құны - 1066456,812 мың теңгені құрайды.

Соның ішінде:
 ҚҚС - 42952,477 - мың теңге
 Ескерту! Есептеудің барлық нәтижесі бағдарламаның өз тілінде, яғни орыс тілінде орындалған.

Кесте 4.1 – Техника-экономикалық көрсеткіші

№ п/п	Аталуы	Бірл. өзг.	Саны	Есептің методикасы
1	2	3	4	5
1	Обекттің жалпы металық құны	мың. теңге	1066456,812	жинақтық смета бойынша
1.1	Соның ішінде жалпы құрылыс жұмыстарының құны	мың. тг	955478,812	жинақтық смета бойынша
2	Ғимараттың 1 м ³ құны	Тенге	79082,913	Ғимараттың пайдалы көлемі қатынасы
2.1	Ғимараттың 1 м ² құны	Тенге	337931,646	Ғимараттың пайдалы көлемі қатынасы
3	Нормативтік еңбек сыйымдылығы	мың. ад. - сағ	72,124	объектілік сметадан
4	Сметалық жалақы	мың. теңге	93597,742	объектілік сметадан
6	Құрылыс жұмыстарының пайдалы алаңы	м ²	2680,3	Есеп бойынша
7	Құрылыс жұмыстарының құрылыс көлемі	м ³	13485,3	Жоба бойынша

Тұрғын үйдің сметалық құнының объектілік, жинақтық және құрылыс құнының жинақ-сметалық құжаты Қосымша 3 көрсетілген.

5 Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау

5.1 Еңбекті қорғау

Тұрғын үйдің биіктігі 25 метрден кейінгі қабатытарға жұмысшылар мен құрылыстық материалдарды жеткізі үшін арнайы көтергіштер қолданылады.

Биіктігі. +40,000 м болған 12 қабатты тұрғын үйді тұрғызу барысында, керекті қабатқа жұмысшыларды көтеру, сонымен бірге электр-монтаждық жұмыстарды өндіру, санитарлы-техникалық өңдеу, салмағы аз болған материалдарды тасымалдау да ТП-11А типті көтерілушілерді қасбетке орнатылып қолданылады. Бұл көтергіштің жүк көтергіштігі 300 кг ие, максимальды биіктікке көтеруі 80 м және көтеру жылдамдығы 36 м/мин. болады. Көтергіш тұрғын үйдің қабырғаларына биіктігі бойынша терезенің айналасына бекітілген кронштейнмен орнатылады.

Тұрғын үй бөлмелеріне терезе арқылы жұмысшылар мен материалдарды қабаттарға қауіпсіз жеткізуді қамтамасыз ету керек, ол үшін көтергіш кабинасының ішінде жылжымалы алаңша – конструкциясы болады.

Сонымен бірге, көтергішті қауіпсіз пайдалану үшін, кабинада жылдамдықты реттейтін, көтергішті және кабинаны қосатын механизмдер орналастырылған.

$T = -21^{\circ}\text{C}$ және жел жылдамдығы 15 м/с болған кезде көтергішті пайдалануға тиым салынады.

Қараңғы мезгілде жұмыс жасау үшін көтергіш алаңына жарықтандырулар орнатылады.

5.2 Ғимаратты салу кезіндегі қоршаған ортаны қорғау шаралары.

Ғимараттар мен үймереттердің қоршаған ортаға әсері өте зор. Олардың пайда болу себептері, құрылыс аймағындағы топырақ күйіне, ауаның және су ортаның өзгеруіне зиянын тигізеді. Өсімдік қабаты ауыстырылып, кесілген өсімдіктерді жасанды көгаландырымен ауыстырады. Топырақтағы ылғалдылықтың ұшып кету уақыты ауысады. Салынған ғимарат температурасы сыртпен салыстырғанда әрдайым жоғары болады. Жобалау кезінде қабылданатын шешімдер экономикалық тәртіппен нақты қарастырылып ескеру керек. Экологиялық жағын жобалауда, құрылыс және ғимаратты пайдалануды ескеріп мінездеу керек.

Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй комплексінің экология-экономикалық есебі.

Ауа қабаты жіберілген зиянды заттардың қоршаған ортаға тигізетін зардаптары. Қазаншұңқырды өңдеген кездегі шаңнан келетін зардап шығыны:

$F_{к.к}=1235,8 \text{ м}^2$; $H=3,8 \text{ м}$; $V=6625,43 \text{ м}^3$; $\rho_{\text{топ}}=1,7 \text{ т/м}^3$; $M=11263,2 \text{ т}$ қазылған топырақ салмағының $1\%=112,6 \text{ т}$

$U_a=1358 \cdot (0,01/0,5) \cdot 112,6=2810,496 \text{ тенге/жыл}$
мұндағы: $U_o=0,01/\text{ПДК}$ - қажетті нақты индекс.

ПДК – зиянды заттардың шектеулі жіберілетін концентрациясы-0,5
Mi – ауа қабатына жіберілетін зиянды заттардың салмағы- 112,6 т
q – 1 тонна зиянды заттардың ластануына кететін шығын-1358 тенге/жыл

Цемент қалдықтарынан келетін зардап шығыны:

M= 220 т; $\rho_{\text{цемент}}=1,3\text{кг/м}^3$ барша цемент салмағынан 1%=2,86 т цемент шаңын құрайды.

$$M=220 \cdot 1,3=2,86 \cdot 10^3=2,86 \text{ т}$$

$$U_b=1358 \cdot (0,01/0,5) \cdot 2,86=71,38 \text{ тенге/жыл}$$

Аражабын плиталарын дәнекерлегендегі ауа қабатына кететін NO есебі:

1 кг электрод есептерінен 21000 дана мөлшерінде дәнекерленетін элемент

1 кг электродқа – 3-4 тр NO; 33600 кг ең көп мөлшері.

$$33600 \cdot 0,004=134,4 \text{ кг}=0,1344 \text{ т}$$

Тұтас құймалы темірбетон плиталарын дәнекерлеу кезінде азот заттарының атмосфераға жіберілетін зияны:

$$U_{NO}=1358 \cdot (0,01/0,5) \cdot 0,1344=3,35 \text{ тенге/жыл}$$

Қоршаған ортаға кететін экология-экономикалық зиян шығындары, жеке элементтердің зиянды заттардың жиынтығынын алгебралық қосындысы.

$$U= U_a+ U_b+ U_{NO}; \quad (5.1)$$

$$U=2810,496+71,38+3,35=2885,23 \text{ тенге/жыл}$$

мұнадағы: U_a – қазаншұңқырдың құрылысы кезіндегі шаңмен ауа қабатын ластайтын зияны.

U_b – цементті тасымалдағанда және түсірген кездегі шаңынан ауа қабатына кететін зияны.

U_{NO} – азот қышқылы бөлінуінен ауа қабатын ластау зияны.

Тұрғын үйді салған кезде қоршаған ортаға кететін зиянды заттардың көлемін азайту үшін келесі шаралар қарастырылады:

- 1) құрылыс алаңында өсімдік қабаты кесіледі;
- 2) жерасты бөлігін өңдеген кезде шаң бөлінуін азайту үшін құрылыс аумағы қоршалады.
- 3) жауын-шашын суы мен лас суды әкететін құбырлар мен лотоктар орналастырылады.
- 4) артық қалған қалдықтар жиналады немесе жойылуда.
- 5) құрылыс алаңында ауа қабатына улы затты аз шығаратын автокөлік және құрығыларды пайдалану қарастырылады.
- 6) өсімдіктерді, жерді, суды және ауаны ластаудан сақтау.

Өрт қауіпсіздігіне қарсы іс-шаралар. Ғимараттың отқа төзімділігі – II.

Тұрғын үй өлшемі 48,8 x 16,5 м. Тіктөртбұрышты екі секциялы. Ғимаратта өрт болған жағдай да тұрғындардың эвакуациялық жағдайларын қамтамасыз ететін жобалық шешімдер сатылар, есіктер және терезе балкондар арқылы жобаланған. Ғимарат есіктері үйден шығу бағытымен бағыттас ашылып, өзі жабылатын жабдықтармен жасалған. Барлық қабатта өртке қарсы су крандары орнатылған және ғимарат өртке қарсы қауіпсіздік құрылғылармен қамтамасыздандырылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Менің жазып жатқан дипломдық жобам Талдықорған қаласындағы элиталық тұрғын үй құрылысы болғаны үшін құрылыс алаңынан қоршаған ортаны ластайтын зиянды заттар байқалады. Сондықтан мен зиянды заттардың әсер ету көзінің бірі жерасты шұмытсарын жасаған кезде деп санадым және осы зиянды заттардың әсерлердің нәтижелері есептептелді.

Құрылыс алаңында ауа атмосферасын негізгі ластайтын зиянды көздердің бірі – жер асты жұмыстары кезінде көтерілетін шаң мен азот оксиді бөлінетін зиянды заттар болып саналады. Сол үшін біз құрылыс жүргізген кезде ауаның осы зиянды заттармен ластануын ескеруіміз керек. Жоғарыда көрсетілген есептер арқылы зиянды заттардың әсер ету факторын тауып, тұрғын үйді салған кезде қоршаған ортаға кететін зиянды заттардың көлемін азайту шараларын жүргіземіз.

Зиянды заттардың алгебралық қосындысы нәтижесінде – жерасты құрылыстық жұмыстарды жасау барысында ауа қабатын қатты ластанмайдығына көзіміз жетті.

Жоғарыда көрсетілген есептеулер құрылыс территориясындағы зиянды заттардың концентрациялары шектік, рұқсат етілген мөлшерлік концентрациялардан аз екенін көрсетті. Сол үшін, құрылыс аумағындағы ластаушы көздердің ластау көлемдерінен алынған есептеулер шектік рұқсат етілген деп қабылдаймыз.

Жобаланып отырған тұрғын үйдің орналасуы бойынша қоршаған ортаға аса қатты негативті әсер етпейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. СНиП РК 2.04.-01-2010 «Строительная климатология», г. Талдықорған
2. БНжБ. Е8 жинағы. Құрылыс конструкциясының әрлеу жұмыстары. М. Прейскурантизда т.
3. БНжБ. Е20 жинағы. Құрылыстық-қайта жөндеу жұмыстары.
4. ҚМжЕ II-3-79**. Құрылыстық жылу техника.
5. ҚМжЕ 2.01.07-85* Жүктемелер және әсерлер.
6. МЕСТ 25100 – 95 Топырақтар. Классификациялар.
7. ҚМжЕ 2.02.01 – 83 Ғимарат және үймереттерді тұрғызу. М. Стройиздат.
8. ҚМжЕ III-4-80. Құрылыстағы қауіпсіздік техникасы. М. Стройиздат.
9. ҚМжЕ 2. 01.01-82. Құрылыс климатологиясы және геофизика. М. Госстрой СССР.
10. ҚР ҚМжЕ 2.03-30-2006 «Сейсмика аудандарындағы құрылыс» Астана 2017.
11. Байков В.Н. Сигалов Э.Е. Железобетонные конструкции. М. Стройиздат.
12. С.К. Хамзин, А.К.Карасев «Технология строительного производства»: Пособие на курсовое и дипломное проектирование: -М: Высшая школа.
13. С.К. Хамзин, Т.А. Шоткалиев «Құрылыс конструкциясының монтажы және курстық жобаларды орындауға методикалық нұсқау» .
14. Каталог. «Унифицированные схемы строповок железобетонных и металлических конструкций»;
15. Под. Ред. З.А Казбек-Казиева. Архитектурные конструкции. М. Высшая школа,
16. Мартемьянов А.И. Проектирование и строительство зданий и сооружений в сейсмических районах. Стройиздат.
17. Берлинов М.В. Основания и фундаменты. М. Высшая школа.
18. Далматов Б.И, Морарескул Н.Н, Науменко В.Г. Проектирование фундаментов зданий и промышленных сооружений. М. Высшая школа.
19. Справочник проектировщика. Основания, фундаменты и подземные сооружения. М. Стройиздат. М. Прейскурантиздат
20. Құрылыс саласының қызметкерлеріне арналған орысша-қазақша тілдескіш. «Шымкент баспа үйі» – Шымкент, 2008 ж.
21. Русско-казахский словарь, I-II том. – Шымкент, 2008 ж.
22. Көп қабатты ғимараттарды болат сейсмикаға беріктік есептеу және құрылымдау жөніндегі құрал (ҚР ҚМжЕ 2.03-04-2001) 1- бөлім.

Қосымша 1

Сводная таблица для вычисления РСУ:




№	Имя загрузки	Вид	Параметры РСУ	Коэффициенты РСУ
1	Собственный вес	Постоянное (0)	0 0 0 0 0 0 0 1.10 1.00	1.00 1.00 0.90 1.00
2	Постоянная нагрузка	Постоянное (0)	0 0 0 0 0 0 0 1.10 1.00	1.00 1.00 0.90 1.00
3	Врем.длит нагрузка	Временное длит. (1)	1 0 0 0 0 0 0 1.20 1.00	1.00 0.95 0.80 0.95
4	Врем.крат нагрузка	Кратковременное (2)	2 0 0 0 0 0 0 1.20 0.35	1.00 0.90 0.50 0.80
5	Снеговая нагрузка	Кратковременное (2)	2 0 0 0 0 0 0 1.20 0.35	1.00 0.90 0.50 0.80
6	Сейсмическая по напр X	Сейсмическое (5)	5 0 1 2 0 0 0 1.00 0.00	0.00 0.00 1.00
7	Сейсмическая по напр Y	Сейсмическое (5)	5 0 1 2 0 0 0 1.00 0.00	0.00 0.00 1.00
8	Сейсмическая по напр Z	Сейсмическое (5)	5 0 1 2 0 0 0 1.00 0.00	0.00 0.00 1.00

Сурет 1.1 – Жүктемелер жиынтығы

Кесте 1.1 – Қаттылық кестесі


Қаттылық түрі	Аты	Қаттылық параметрлері мен өлшемдері
1	Пластина Н 20 (аражабын плита)	$E=3e+007, V=0.2, H=20, Ro=27.5$
2	Пластина Н 20 (ішкі қабырға)	$E=3e+007, V=0.2, H=20, Ro=27.5$
3	Пластина Н 30 (сыртқы қабырға)	$E=3e+007, V=0.2, H=30, Ro=27.5$
4	Пластина Н 150 (плиталы іргетас)	$E=3e+007, V=0.2, H=150, Ro=27.5$
5	Брус 40 X 40 (ұстын)	$Ro=27.5, E=3e+007, GF=0, B=40, H=40$
6	Брус 40 X 50 (арқалық)	$Ro=27.5, E=3e+007, GF=0, B=40, H=50$

даурен.3d




Сурет 1.2 – Ғимараттың есептік схемасы

Собственный вес




Сурет 1.4 – Раманың изометриялық проекциясы




Сурет 1.5 – Ғимарат жоспары

Собственный вес




Сурет 1.6 – Ғимарат қимасы

Собственный вес




Сурет 1.7 – Өз салмағынан түсетін жүктеме

Постоянная нагрузка




Сурет 1.8 – Тұрақты жүктеме

Врем.длит нагрузка




Сурет 1.9 – Уақытша ұзақ мерзімді жүктеме

Врем.крат нагрузка



Сурет 1.10 – Қысқа мерзімді жүктеме

Снеговая нагрузка



Сурет 1.11 – Қар жүктемесі

Есептеу хаттамасы

Протокол расчета
Дата: 29.04.2019
GenuineIntel Intel(R) Core(TM) i3 CPU @ 2.40GHz 8 threads
Microsoft RUS (build 9200), 64-bit
Размер доступной физической памяти = 4223966720
23:02 Чтение исходных данных из файла C:\Users\Public\Documents\LIRA SAPR\LIRA
SAPR 2013 NonCommercial\Data\даурен.txt
23:02 Контроль исходных данных основной схемы
Количество узлов = 14219 (из них количество неудаленных = 14219)
Количество элементов = 18277 (из них количество неудаленных = 18277)
ОСНОВНАЯ СХЕМА
23:02 Оптимизация порядка неизвестных
Количество неизвестных = 71240
РАСЧЕТ НА СТАТИЧЕСКИЕ ЗАГРУЖЕНИЯ
23:02 Формирование матрицы жесткости
23:02 Формирование векторов нагрузок
23:02 Разложение матрицы жесткости
23:02 Вычисление неизвестных
23:02 Контроль решения
РАСЧЕТ НА ДИНАМИЧЕСКИЕ ЗАГРУЖЕНИЯ
23:02 Формирование диагональной матрицы масс для динамического нагружения №6
23:02 Формирование диагональной матрицы масс для динамического нагружения №7
23:02 Формирование диагональной матрицы масс для динамического нагружения №8
Вычисление собственных колебаний для динамических нагружений №№6 7 8
Суммарные массы: mX=1214.44 mY=1214.44 mZ=1214.44 mUX=0 mUY=0 mUZ=0
23:02 Контроль пригодности схемы для вычисления собственных колебаний при таком
приложении масс. Контроль осуществляется путем приложения масс как статических
нагрузок
23:02 Вычисление собственных колебаний
23:02 Итерация №1
23:02 Итерация №2
Найдено форм 0 (из них 0 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №3
Найдено форм 6 (из них 6 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №4
Найдено форм 11 (из них 11 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №5
Найдено форм 15 (из них 15 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №6
Найдено форм 20 (из них 20 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №7
Найдено форм 26 (из них 26 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №8
Найдено форм 29 (из них 29 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №9
Найдено форм 32 (из них 32 в заданном диапазоне)
23:02 Итерация №10
Найдено форм 32 (из них 32 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №11
Найдено форм 36 (из них 36 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №12
Найдено форм 36 (из них 36 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №13
Найдено форм 39 (из них 39 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №14
Найдено форм 40 (из них 40 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №15
Найдено форм 42 (из них 42 в заданном диапазоне)

23:03 Итерация №16
Найдено форм 43 (из них 43 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №17
Найдено форм 46 (из них 46 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №18
Найдено форм 49 (из них 49 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №19
Найдено форм 50 (из них 50 в заданном диапазоне)
23:03 Итерация №20
Найдено форм 53 (из них 53 в заданном диапазоне)
